Зерттеудің деректік негізін Қазақстан Республикасы Президенті Архивіне 2022-2023 жылдары ІІМ, ҰҚК мен Бас прокуратураның арнаулы мемлекеттік архивтерінен қабылданған архивтік қылмыстық-тергеу істері және Карлагта жазасын өтеген әйелдердің жеке істері құрайды. Бұл құжаттардың негізгі дені ғылыми айналымға алғаш рет еніп отыр.
Қорғансыздың күйін кешкен әйелдердің, соның ішінде Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің төрағасы Ұ. Құлымбетовтің әйелі Ә.Құлымбетованың, белгілі жазушы Б.Майлиннің әйелі К. Майлинаның, ҚазССР сауда наркомы, кейін ішкі сауда наркомы қызметтерін атқарған Ш. Дивеевтің әйелі Ф. Дивееваның, Алаш қозғалысының белсендісі, совет өкіметі тұсында Алматы қ. хайуанаттар паркінің директоры қызметін атқарған М. Төлебаевтың әйелі Х. Төлебаева-Жүнісбаеваның жазықсыздан жазықсыз 5-8 жылға дейін еңбекпен түзеу лагерлеріне айдалғаны

[a]© Нұрымбетова Г., Балғазина Б., 2025

архивтік құжаттар негізінде жан-жақты зерделенген. Бұл әйелдердің тағдыры ортақ «Отанын сатқан отбасы мүшесі» болғаны. Қуғындау саясатының ана мен баланы айырып, оларды зар жылатқаны Б. Майлин балаларының тағдыры негізінде көрсетілген.
Зерттеу нәтижесінде архивтік қылмыстық-тергеу істерінің құрамы бір тектес құжаттардан тұратыны анықталды. Алайда бұл істер жекелеген отбасылар басына түскен қасіреттің дәлелі мен дәйегі, бұл өз кезегінде отбасы тарихын, әулет тарихын зерттеуге негіз болады. Құжаттарды сын көзбен зерделеу арқылы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің барлығына бірдей жалған айып тағылып, жазықсыз жазаланғанына көз жеткіздік. Сондай-ақ, саяси қуғын-сүргіннің жоспарлы түрде жүзеге асқаны негізделді.
Түйінді сөздер: саяси қуғын-сүргін; архивтік құжаттар; ІІХК; отанын сатқан отбасы мүшелері; халық жауы; қасірет

Сілтеме жасау үшін: Нұрымбетова Г., Балғазина Б. Жала мен жаза: әйелдер тағдырында. *Gumilyov Journal of History.* Т.150, no.2, б.103-124. *https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-103-124*

Accusation and punishment: in the fate of women

G. Nurymbetova[a], B. Balgazina[b]
[a]*Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan*
[b]*Archive of the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan*

Abstract. The history and fate of Kazakhstan during the Soviet era are full of "blank spots" and contradictions. A full and courageous discussion of these pages of history began during the years of Perestroika. In the period of independence, research activities and their scope expanded significantly. A major turning point in this direction was the rehabilitation of Akhmet Baitursynuly, Zhusipbek Aimauytov, and Mirzhakyp Dulatuly in 1989. Another important step was the launch of the full rehabilitation process for victims of repression, initiated by the President of the Republic of Kazakhstan, K. Tokayev.
The relevance of this topic lies in the need to fill in the "blank spots" of national history. The value of historical science is its ability to tell the truth. Over the past five years, 311,000 citizens of Kazakhstan have been fully rehabilitated. This means that millions of families have been allowed to learn where, when, and why their relatives' lives came to an end, contributing to the formation of historical consciousness and the strengthening of patriotic feelings.
This topic attracts significant interest from both the public and researchers. The main reason is that materials related to political repression remained classified and inaccessible for many years. Many victims of repression and their descendants have never been able to discover the truth or tell their own stories. In our view, the declassification of materials on political repression – stored under the labels “secret” and “top secret” in the special state archives of the Committee for National Security, the Ministry of Internal Affairs, and the General Prosecutor’s Office – has provided the foundation for keeping this issue on the national agenda.
The goal of this research, based on archival documents, is to study the tragic fates of women who were repressed during the years of the "Great Terror" (1937–1938), accused of being "family members of traitors to the Motherland".

The source base of this research consists of archival criminal investigation files transferred in 2022–2023 from the special state archives of the Ministry of Internal Affairs, the National Security Committee, and the General Prosecutor's Office to the Archive of the President of the Republic of Kazakhstan. It also includes personal files of women who served sentences in the Karlag labor camp. Most of these documents have been introduced into scholarly circulation for the first time.
Based on archival documents, the study provides a comprehensive examination of the fates of women who found themselves in a state of powerlessness. These include A. Kulumbetova, K. Mailina, F. Diveyeva, and K. Tolebayeva-Zhunisbaeva. All of them were unjustly exiled to correctional labor camps for terms ranging from 5 to 8 years on charges of being family members of "enemies of the people". The story of B. Mailin's children illustrates how the repressive policies tore mothers away from their children, inflicting deep suffering.
The research established that the archival criminal investigation files consist of standardized documents. Nevertheless, they serve as crucial evidence of the tragedies endured by specific families, forming the basis for studying family and clan histories. A critical analysis of these documents leads to the conclusion that all the accused women were falsely charged and sentenced unjustly. It was also determined that political repressions were carried out in a systematic and organized manner.
Keywords: political repression; archival documents; NKVD; family member of a traitor to the Motherland; enemies of the people; suffering

For citation: Nurymbetova G., Balgazina B. Accusation and punishment: in the fate of women. *Gumilyov Journal of History.* 2025. Vol.151, no.2, pp.103-124. *https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-103-124*

Обвинение и наказание: в судьбах женщин

Г. Нурымбетова[a], Б. Балгазина[b]
[a]*Архив Президента Республики Казахстан, Алматы, Казахстан*
[b]*Архив Президента Республики Казахстан, Астана, Казахстан*

Аңдатпа. История и судьба Казахстана в советский период полны «белых пятен» и противоречий. Полноценный и смелый разговор об этих страницах истории начался в годы перестройки. В период независимости исследовательские процессы и их масштаб значительно расширились. Важным явлением стала реабилитация в 1989 г. А. Байтурсынулы, Ж. Аймауытова, М. Дулатулы. Следующим важным шагом стало начало процесса полной реабилитации жертв репрессий по инициативе Президента Республики Казахстан К.К. Токаева.
Актуальность темы определяется необходимостью устранения «белых пятен» отечественной истории. Ценность исторической науки заключаются в способности говорить правду. За последние 5 лет были полностью реабилитированы 311 тыс. граждан Казахстана. Это значит, что миллионы семей получили возможность узнать, где, когда и почему завершился жизненный путь их родных, что способствует формированию исторического сознания и укреплению патриотических чувств.
К данной проблематике наблюдается высокий интерес как со стороны общества, так и со стороны исследователей. Основная причина этого в том, что материалы по политическим репрессиям в течение долгих лет оставались закрытыми и засекреченными. Многие жертвы репрессий и их

потомки так и не смогли узнать истину и рассказать свою правду. По нашему мнению, раскрытие материалов политических репрессий, хранящихся под грифами «секретно» и «совершенно секретно» в специальных государственных архивах Комитета национальной безопасности, Министерства внутренних дел и Генеральной прокуратуры, стало основанием для того, чтобы этот вопрос оставался в повестке дня.

Цель исследования – изучить трагические судьбы женщин, подвергшихся репрессиям в годы «Большого террора» 1937–1938 гг. по обвинению в том, что они являются «членами семьи изменников Родины», на основе архивных документов.

Источниковую базу составили архивные уголовно-следственные дела, переданные в 2022–2023 гг. из специальных государственных архивов МВД, КНБ и Генеральной прокуратуры в Архив Президента Республики Казахстан, а также личные дела женщин, отбывавших наказание в Карлаге. Основная часть этих документов впервые введена в научный оборот.

На основе архивных документов всесторонне изучены судьбы женщин, оказавшихся в бесправном положении, в том числе А. Кулымбетовой, К. Майлиной, Ф. Дивеевой, Х. Толебаевой-Жунисбаевой. Все они были безвинно сосланы в исправительно-трудовые лагеря сроком от 5 до 8 лет по обвинению в том, что являются членами семьи «изменника Родины». Через судьбу детей Б. Майлина показано, как политика репрессий разлучала матерей и детей, принося им страдания.

В результате исследования установлено, что архивные уголовно-следственные дела состоят из однотипных документов. Однако они являются доказательством трагедий, постигших конкретные семьи, что, в свою очередь, служит основой для изучения истории семьи, рода. Критический анализ документов позволяет прийти к выводу, что всем репрессированным женщинам были предъявлены ложные обвинения, и все они были несправедливо осуждены. Показана планомерность осуществления политических репрессий.

Ключевые слова: политические репрессии; архивные документы; НКВД; член семьи предателя Родины; враги народа; страдания

Кіріспе

ХХ ғасырдың 30-50 жылдарында орын алған саяси қуғын–сүргін отандық тарихтың сыры мен шындығы ашылмаған ақтаңдақты мәселе екені сөзсіз. Бұған Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаевтың бастамасымен 2021 жылы құрылған саяси қуғын–сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия, өңірлік комиссиялар қызметі өз жұмысын тоқтатқанына қарамай қоғамның қызығушылығының бәсеңдемеуі дәлел. Мәселеге қоғам тарапынан да, зерттеушілер тарапынан да сұраныс жоғары.

Саяси қуғын–сүргін материалдары ұзақ жылдар зерттеушілер үшін жабық, құпия сақталғаны белгілі. Тіптен саяси қуғын–сүргін құрбандары, олардың ұрпақтары ақиқатқа қол жеткізе алмай, шындықты айта алмай өмірден өтті. Біздің ойымызша, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) мен Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ІІМ), Бас прокуратураның арнайы мемлекеттік архивтерінде «құпия», «аса құпия» грифімен сақталған саяси қуғын–сүргін материалдары пердесінің ашылуы мәселенің күн тәртібінен түспеуіне себеп болып отыр.

Сонымен саяси қуғын–сүргін процесінің үнсіз куәгерлері архивтік-қылмыстық істерді ғылыми айналымға енгізу осы мәселедегі ақтаңдақтардан арылуға, күні бүгінге дейін белгісіз болып келген адамдардың есімдерін анықтап, жариялауға мүмкіндік беруде.

Тоталитарлық жүйе ешкімді аяған жоқ. Әйел, еркек, бала деп таңдаған жоқ, яғни жынысына, жасына қарамады. 80-дегі қарт адам да ату жазасына кесілді. Саяси қуғын-сүргіннің шектен шыққан түрі «халық жауының» отбасын ойрандау еді. Отбасын ойрандау үй иесін оқшаулаумен басталды. Большевиктер мұнымен ғана тынған жоқ. Олар тұтқындалған жанның әйелін де, балаларын да, тіпті жақын туған-туыстарын да аяусыз жазалады. Мұны біз айтуымыз да, айыптауымыз да керек.

1937 жылы 5 шілдеде БКП (б) Орталық комитетінің Саяси бюросы «Отанын сатқан отбасы мүшелері туралы» қаулы қабылдады (Лубянка 2004). Бұл қаулыға сәйкес «әшкереленген оңшыл-троцкистік шпиондар, отанын сатқандардың әйелдері лагерлерге кем дегенде 5-8 жылға отырғызылады», ал балалары – балалар үйі мен жабық интернаттарға жіберілді. Осы мақсатта Нарым өлкесі мен Қазақстанның Торғай ауданында арнайы лагерь ашу ұсынылды. Балаларды Москва, Ленинград, Киев, Тифлис, Минск, шекарада орналасқан қалалардан тыс жерлерге орналастыру қарастырылды. Солардың біреуі қазіргі Астананың түбінде 1937 жылы 15 тамызда құрылған еді. Ол Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері (АЛЖИР) атауымен тарихқа енді. Мұндағы сәбилер 3 жасқа толғанда анасынан ажыратылып, балалар үйіне жіберілетін. Ақмола лагерінде мыңдаған қыз-келіншектер отырып, өз «жазаларын» өтеген. 1938–1953 жж. аралығында лагерьде 18 мың әйел жазалау мерзімін өткерген екен. Араларында Т. Рысқұловтың, Т. Жүргеновтің, С. Асфендиаровтың, т. б. тұлғалардың әйелдері болды. 1937 жылы 15 тамызда КСРО ІІХК № 00486 бұйрық шығарды (Приказ НКВД СССР 1937). Бұл бұйрықта «Отанын сатқандардың» әйелдеріне қарсы шараларды жүзеге асыру тәртібі тиянақталды.

Отанын сатқан отбасы мүшесі болып 58-ші баппен айыпталушының жақын туыстары есептелді. Яғни әкесі, шешесі, күйеуі, әйелі, ұлдары, қыздары, егер айыпталушымен бірге тұрған жағдайда аға-қарындастары. Осылайша оларға ресми түрде «Отанын сатқан отбасы мүшесі» (ЧСИР) деген айып таңылды. Олар жаппай сайлау құқынан айырылды. Отанын сатқан отбасы мүшесі атауы өмірбойына таңба болып қалды, кәсіп таңдағанда, білім алғанда, тіптен тұратын жерге де әсер етті.

Тоталитарлық жүйенің тағы бір құйтырқы саясаты 1938 жылғы 27 тамыздағы ІІХК циркуляр хатында көрініс тапты. Ол бойынша қамауға алынған адаммен, оның келісімінсіз біржақты ажырасуға рұқсат етілді. Осылайша саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ер-азаматтардың әйелдерін моральдық-психологиялық жаңа жазаға ұшыратты.

Материалдар мен әдістер

Мәселені зерттеу барысында гендерлік әдіснаманы басшылыққа алдық. Гендерлік әдіснаманың ерекшелігіне қатысты ресейлік зерттеуші Н.Л. Пушкареваның гендерлік ұстанымның синтездеу функциясы туралы көзқарасын айта кеткен жөн. Ол «гендерлік әдіснама жекелеген дербес тарихтарды – әйелдердің, еркектердің тарихын – кең қарауға мүмкіндік береді, себебі олардың функциясы қосымша, толықтыру, қайта қарау емес (ескі түсінік, ескі ұстаным бойынша: бұлардың барлығы феминология функциясы

болған), дәлірек айтсақ синтездеу болып табылады» (Пушкарева 2005) деп көрсетеді. Осы бағыттағы зерттеулерден ресейлік зерттеуші Л. Репинаның (Репина 2002) еңбектері көңіл аударарлық. Отандық зерттеушілермен де осы бағыттағы ізденістер жүзеге асырылуда (Жанбосинова 2018).

Ана мен балаға қарсы қолданылған қуғын–сүргін адам құқығын өрескел бұзып қойған жоқ. Ол жас келіншектің дүниеге ұрпақ әкелу функциясын бекерледі, ұрпақ тәрбиесіндегі ата-ананың міндеті мен рөлін аяусыз таптады. Осылайша өмір сүрудің, ұрпақтар сабақтастығының қарапайым да табиғи заңы бұзылды.

Табиғи-ырғақты сабақтастық – қоғамның ілгерілей дамуының басты шарты. Осы заң мен заңдылықтың бұзылуы елде кереғар құбылыстар мен үдерістер туындатты. Демографиялық эволюция бұзылды. Панасыз балалар мен қамқорлықсыз қалған ересектер, үлкендер қатары өсті, қылмыстық ахуал күрделенді. Адамдарды үрей биледі.

Түйіп айтқанда, берісі – адамның, әрісі – қоғамның өзін-өзі қорғау, лайықты жетілу, ізгілік пен бақытқа кенелу механизмдері мен эволюциясы тас-талқан болды. Нағыз тарих пролетариат диктатурасының орнауымен басталады деген марксистік қағида жалған болып шықты. Мақаланың материалдары мен әдістері осынау тезиске орай топтастырылды.

Мақаланың мақсаты архив құжаттарының негізінде 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын–сүргін кезінде жазықсыз жазаланған әйелдердің қасіретін зерттеу. Біз зерттеу барысында Қазақстан Республикасы Президенті архивіне 2022-2023 жж. ІІМ, ҰҚК мен Бас прокуратураның арнаулы мемлекеттік архивтерінен қабылданған қылмыстық-тергеу істерімен және лагерьде жазасын өтеген әйелдердің жеке істерімен танысып, ой елегінен өткіздік. Президент архивінің 352, 404, 122-Н-қорларының құжаттары кеңінен пайдаланылды.

Архивтік-тергеу ісі келесі құжаттардан қалыптастырылған: «халық жауын» тұтқындауға берілген ордер, бұлтартпау шарасын таңдау және айыптау туралы қаулы, айыпталушының өмірбаяндық деректерінен тұратын жеке іс парағы мен анкетасы, үйін тінту тізбесі, жауап алу хаттамасы, айыпталушы туралы алдын ала дайындалған анықтама, айыптау қорытындысы, сот үкімі, ІІХК үштігінің немесе ІІХК жанындағы Ерекше кеңестің хаттамасынан үзінді, күштік және партиялық құрылым басшыларына жазылған хаттар мен өтініштер, оларға жазылған жауаптар. Лагерьде жазасын өтеушілерге де жеке істер ашылған. Бұл жеке істер жазасын өтеушіге қатысты жеке іс парақтан, өмірбаяннан, лагерь басшылығына жазған арыз-өтініштерден, дәрігерлік қорытынды мен жазасын өтеушіге қатысты ІІХК басшылығымен хат алмасулары сияқты құжаттардан тұрады.

Зерттеу барысында тарихилық, объективтілік, тарихи-салыстырмалы әдістері басшылыққа алынды. Объективтілік әдісі фактілер мен оқиғаларды шынайылылық тұрғысынан және жан–жақты қарастырудан көрініс тапты. Нақтылар болсақ, архивтік-тергеу ісіндегі құжаттар сын көзбен зерделеніп, олардағы жала жабу мен бұрмалаулар талданды. Ол тарихты саясиландырудан, идеологияландырудан сақтандырды. Кеңестік дәуірде бұлар ақтаңдақтардың көбеюіне әкелген еді. Тарихилық әдісін қолдану үдерістер мен оқиғалардың мерзімдік-мекен-жайлық факторын дұрыс ұғынуға қол жеткізді. Себеп-салдарын анықтау олардың өзара байланысын негіздеуге мүмкіндік берді. Тарихи-салыстыру әдісінің негізінде тергеу үрдісіндегі ортақтық анықталды.

Бастысы саяси қуғын-сүргінге қатысты материалдар мен құжаттар тарихи сана мен жадыны қалыптастыру тұрғысынан пайымдалды. Сондай-ақ, зерттеуіміз ақиқат тұрғысынан толыққанды болу үшін қуғын–сүргін құрбандарының ұрпағынан, өзі де қуғын–сүргін құрбаны болып табылатын тұлғадан сұхбат[1] алынды. Сұхбат барысында қуғындалған аналар, балалар тегін өзгертуге мәжбүр болғаны тағы дәлелденді. Өйткені, халық жауының отбасы мүшесі деген айып олардың ел қатарлы оқуына, еңбек етуіне, азаматтарға тән Конституциялық құқығын пайдалануға мүмкіндік бермеді.

Әдеби шолу

Саяси қуғын–сүргін мәселесі отандық тарихтың қыр-сыры әлі толық ашылмаған тақырыптарының бірі. Кезінде М. Шоқай 1936 жылы жазған мақаласында «...Кеңес өкіметі қуғын–сүргінге ұшырату, азапқа салу, аштыққа душар ету, атып өлтіру тәрізді шаралармен өз жоспарларын жүзеге асырып келеді» (Шоқай 1999: 8) деп кеңес өкіметінің тоталитарлық мәнін дәл анықтапты. Яғни тоталитарлық билік пен саяси қуғын-сүргіннің тұтас құбылыс екенін негіздеді. XX ғ. екінші жартысында тоталитарлық тұжырым аясында саяси қуғын–сүргін мәселесін зерттеген Х. Арендт (Арендт 1996), З. Бжезинский, К. Фридрих (Бжезинский, Фридрих 1993) еңбектері жарық көргені белгілі.

Біз саяси қуғын–сүргін, Үлкен террор мәселесін сөз еткенде британ зерттеушісі Р.Конквестің (Конквест 1991), ресейлік зерттеушілер Д. Волкогонов (Волкогонов 1988), М. Юнге, Г. Бордюгов, Р. Биннер (Юнге и др. 2008), А. Тепляков (Тепляков 2008) еңбектерін айтуымыз керек.

Кеңестік дәуірде тақырыптың зерттеушілер үшін жабық болғаны белгілі. Сондықтан тек тәуелсіздік жылдарында отандық зерттеушілерге саяси қуғын–сүргін ақтаңдақтарын зерттеп, ақиқатты айтуға мүмкіндік туды. Қуғын–сүргін мәселесіне қатысты кандидаттық (Орынбаева 1999; Кыдыралина 2000; Калыбекова 2005), докторлық диссертациялар (Жанбосинова 2010) қорғалып, іргелі еңбектер жарық көрді. Зерттеулер келесі бағыттарда жүзеге асырылды саяси қуғын-сүргіннің табиғаты мен мәні (Қозыбаев 1994; Қойгелдиев, Омарбеков 1993), Алаш қайраткерлерінің қудалануы (Қойгелдиев 2008), лагерлер тарихы (Шаймұханов, Шаймұханова 1997; Ділманов 2002; Кукушкина 2008), халық көтерілістері (Омарбеков 1997; Омарбеков 2018; Алланиязов 2002), этникалық топтардың қасіреті (Алдажуманов 1997; Калыбекова 2008), жекелеген азаматтардың қудалануы, олардың тағдыры (Кыдыралина 2012; Кыдыралина 2015; Салқынбек 2013; Булатова 2013) т.б.

Тақырыпты зерттеуде белгілі тарихшы І. Қозыбаевтың еңбегінің (Козыбаев 2019) қосқан үлесі мол. Еңбекте мәселенің тарихнамасы жан-жақты талданған. Автор ҰҚК, ІІМ мен Бас прокуратураның арнаулы мемлекеттік архивтерінде сақталған саяси қуғын–сүргін құжаттарының зерттеушілер үшін әлі де жабық екеніне аса көңіл бөлген. Соңғы уақытқа дейін бұл құжаттармен санаулы адамдар ғана жұмыс жасап, өз еңбектерін жариялағаны белгілі (Нұрпейісов 1995; Журтбай 2016; Қойгелдиев 2017).

Сондай-ақ, Қазақстандағы саяси қуғын–сүргін мәселесін арнайы мемлекеттік архив құжаттарының негізінде зерттеп жүрген А. Жанбосинова (Жанбосинова 2020; 2024) еңбектерінің де ғылыми нәтижелері салмақты.

Ал 2021–2023 жылдар аралығында жұмыс жасаған саяси қуғын–сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия мүшелеріне осы архив құжаттарымен танысуға рұқсат беріліп, жұмыс жасауға жағдай жасалды. Осыған байланысты комиссия жұмысының аясында тарихи-құжаттық жинақтар (Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века) мен арнайы зерттеулер (Бақторазов 2022) жарық көрді. Осылайша, зерттеушілер күткендей репрессия тақырыбы бойынша басылымдар саны да, жанры да артты (Козыбаев 2024). Тарихи-құжаттық жинақтардың басты құндылығы бұған дейін ғылыми айналымға енбеген құжаттарды жариялауында. Бұл құжаттар жинағы қуғын-сүргіннің ауқымын да көрсетеді. Сондай-ақ мемлекеттік комиссиямен қатар жұмыс жасаған өңірлік комиссиялар облыстық, аудандық архивтер құжаттарын зерделеп, үлкен жұмыстар атқарды. Тағы бір айта кететін жәйт. Саяси қуғын-сүргінге қатысты құжаттар мен материалдардың ҚР Президент архивіне шоғырландырылып, XX ғ. саяси қуғын–сүргін материалдарын зерделеу орталығының құрылуы мәселені зерттеуге серпін бергені сөзсіз. Сонымен қатар, 2022 жылы Президент архивінде құрылған Құпиясыздандыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмысы да өз жемісін берді. Нәтижесінде 2023 жылы «Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Материалдар мен құжаттар» атты 12 томдық тарихи-құжаттық жинақ әзірленіп, жарық көрді. Жинаққа бұрын–соңды жарияланбаған 3000–ға жуық құжаттар енгізілді. Жалпы саяси қуғын-сүргіннің ақтаңдақтарын ашуда архивтік құжаттар жинақтарының маңызы зор. Мазмұндық тұрғыдан арнайы зерттеулер, архив құжаттарының жинақтары, естеліктер деп бөлуімізге болады.

Әйелдердің саяси қуғын–сүргінге ұшырауы тарихнамасына келетін болсақ, мәселенің ғалымдарымыздың назарынан тыс қалмағанын байқаймыз. Бұл, әрине, объективті құбылыс. Зерттеушілердің де әйелдер болуы объективті құбылыс. Сонымен осы бағытта ізденіс жүргізіп жүрген Қ. Сәрсембинаның (Сәрсембина 2021), А. Кукушкинаның (Кукушкина 2002), Г. Омарованың (Омарова 2019) еңбектерін атап кеткеніміз орынды. Айта кеткен жөн, бұл еңбектер бірін-бірі қайталамайтын тың ізденістер. А. Кукушкина, Г. Омарова зерттеулері лагерь тарихына, яғни Алжир қасіретін ашуға арналса, 2021 жылы жарық көрген Қ. Сәрсембинаның «Аналар шеккен қасірет» монографиясы 1937-1938 жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырын қамтыған. Сондай-ақ, «Алашорда ісі. 1920–1940 жж. Материалдар мен құжаттар» құжаттар жинағының 8-томында саяси қуғын–сүргінге ұшыраған әйелдерге қатысты архивтік құжаттар берілген (Алашорда ісі 2023).

Нәтижелер

1937-1938 жж. «Үлкен террор» ІІХК құрығына ілінген кешегі билік басындағылардың өмірін қиды, әйелдерін соттап, отбасын тентіретіп жіберді. Бұлардың басына түскен қасіреттің ауқымы мен зардабын елестету үшін 1-2 мысал келтіруге болады. 1937 ж. күзіне қарай Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің төрағасы, яғни мемлекет басшысы Ұ. Құлымбетов тұтқындалды. Содан кейін көрген күндерінің қысқа ғана сәтін қызы Орынша апай[2] былайша еске түсіреді: «Күн сайын көрші-қолаң, тума-туыстардан ер адамдарды ұстап, түрмені толтырып жатыр деп естиміз. Бір күні кезек жиеніміз Таңатарға, Әйештің сіңлісі Кеніштің күйеуі Сердалыға келді. Қамауға алынып жатқандардың көбісі

– Құлымбетовпен бірге оқып, қызметтес болғандар немесе оның қолынан Қазақстанның он бес жылдығына арналған значок алғандар. Енді біреулері – әйелінің не өзінің туысы. Кейбіреулері ауыздарынан қағынып, Құлымбетовтің үйіне бармаса да, «бардым» деп мақтанғаны үшін де ұсталыпты» (Әбжанов 2022: 302).


Ұ. Құлымбетов халық жауы ретінде 1938 жылы 25 ақпанда ату жазасына кесіліп, үкім сол күні орындалған. Көп ұзамай–ақ, 1938 жылы 21 наурызда, 40 жастағы әйелі Әйеш Құлымбетова тұтқындалады. Ал балалары 7 жастағы Марат, 8 жастағы Бостан, 15 жастағы Кабира ІІХК қызметкерімен 22 наурыз күні балалар үйіне өткізілген. Қамауға алынған Әйеш 1938 жылдың 10 маусымына дейін, яғни үкім шыққанша, Алматы қ. түрмеде отырған. Осы уақыт аралығында одан бір рет ғана жауап алынған. Жауап алу кезінде қойылған «Сіз күйеуіңіз Ұзақбай Құлымбетовтің контрреволюциялық қызметін біле тұра билік органдарының өкілдеріне айтпағаныңыз, іс–жүзінде Құлымбетовтің контрреволюциялық қылмысының сыбайласы болғаныңыз тергеуге белгілі. Сіз соны мойындайсыз ба?» деген сұраққа Ә. Құлымбетова «жоқ, мойындамаймын» деп жауап берген[3].

Алайда, бұған қарамастан КСРО ІІХК жанындағы Ерекше кеңестің 1938 жылғы 10 маусымдағы шешімімен оған күйеуінің совет үкіметіне қарсы қызметін біле тұра, оны жасырды деген айып тағылып, Отанын сатқан отбасының мүшесі ретінде еңбекпен түзеу лагеріне 8 жылға айдалған. Лагерьде бұзау баққан. 1946 жылдың 21 сәуірде жазасын өтеу мерзімінің аяқталуына байланысты босатылған, алайда сыртқа шығу құқысыз жалдамалы жұмысшы ретінде лагерьде қалдырылған. Мұның басты себебі келесі құжаттарға байланысты еді. Бірі – 1941 жылы 22 маусымда қабылданған нұсқаулық[4]. Бұл құжатқа сәйкес лагерьлерден «контрреволюционерлерді, бандиттерді, рецидивистер мен басқа да қауіпті қылмыскерлерді» босатпау туралы нұсқау берілген болатын. Көп ұзамай, 1942 жылы[5], жазасын өтеу мерзімі аяқталған ЧСИР босату туралы нұсқау қабылданады. Алайда, нұсқауда «жазасын өтеу мерзімі аяқталып, барлық босатылғандар ІІХК лагерлерінде ерікті жалдамалы жұмысшы ретінде, соғыс аяқталғанға дейін, құрылыс-лагерлеріндегі жұмыстарға сыртқа шығу құқысыз қалдырылсын»[5] деп көрсетілген. Осы жағдайларға байланысты тек 1946 ж. 25 шілдесінде босаған[6].

Отанын сатқан отбасының мүшесі айыбымен жаза тартқан әйелдердің бірі - Фатима Дивеева. Ол ҚазССР сауда наркомы, кейін ішкі сауда наркомы қызметтерін атқарған Шакир Дивеевтің әйелі. Ш. Дивеев 1937 жылы 25 маусымда халық жауы ретінде тұтқындалған. Араға 4 ай салып 10 қарашада айыптау қорытындысы шыққан, онда оған 1918 жылдан антисоветтік ұлтшылдар ұйымының белсенді басшыларының бірі болған деген айып тағылған. 1938 жылы 25 ақпанда КСРО Жоғары Сотының Әскери коллегиясының көшпелі сессиясы ісін қарап, ату жазасына үкім шығарған. Үкім сол күні орындалған.

ІІХК қызметкерлерімен алдын ала Отанын сатқан отбасына қатысты арнайы анықтама толтырылған (сурет 1). Ш. Дивеевтің отбасына қатысты анықтама 1938 жылы 17 наурызда толтырылыпты. Ал әйелі Фатима Дивеева күйеуінің қылмысын біле тұра советтік органдардан жасырғаны үшін 1938 жылы 9 сәуірде қамауға алынған. Бір айға жетер жетпес уақытта, 21 сәуірде алынған жауапта Фатима күйеуінің контрреволюциялық қызметі туралы білмейтінін айтқан. Бірақ бұған қарамастан 28 сәуірде РСФСР Қылмыстық кодексінің 58 бабы 1-а, 2, 8, 9 және 11 тармақтары бойынша Ф. Дивеева айыпты деп қорытынды шығарылған. 10 маусымда КСРО ІІХК жанындағы Ерекше кеңес Фатима Дивеева туралы № 0639 істі қарап, отанын сатқан отбасының

мүшесі ретінде еңбекпен түзеу лагеріне 8 жылға айдау туралы үкім шығарған[7]. Фатима 1946 жылы 11 сәуірде тура 8 жылдан кейін лагерьден босатылады. Алайда, совет өкіметі «халық жауының» әйеліне сенімсіздік танытып, жоғарыда көрсетілген нұсқаулықтарға сәйкес лагерьде еркін жалдамалы жұмысшы ретінде қалдырған. Ш. Дивеев 1968 жылы 7 маусымда, Ф. Дивеева 1957 жылы 2 қыркүйекте ақталған[8].



СПРАВКА.

По особо важным родам - ДИВЕЕВА Шакира, осужденного Внездной Сессией Военной Коллегии Верховного Суда Союза ССР - в расстреле.

1/ Фамилия, имя и отчество осужденного также семьи: ДИВЕЕВ Шакир.

2/ За какие преступления, когда, кем и какому наказанию подвергнут: Один из руководящих участников национал-фашистской организации, изобличенной УГБ НКВД Каз.ССР в 1937/38 г.г.
- * марта 1938 г. Внездной Сессией Военной Коллегии Верховного Суда Союза ССР - осужден к расстрелу.-

3/ Именной список состава членов семьи с подробными на них установочными данными: Жена - ДИВЕЕВА - Фатима- 42 лет.
Дочь- " Дидара- 14 лет.
Сын - " Алибек 12 "
Проживают в г.Алма-Ата, ул.Абая 108.

4/ Компрометирующие материалы на осужденного: ДИВЕЕВА Фатима, прожила совместно с ДИВЕЕВЫМ Шакиром, знала о его антисоветской деятельности и участия принимала.

5/ Характеристика на детей ст.15 лет.возраста и степень их социальной опасности: Нет.

6/ Данные о наличии в семье:
а) престарелых и нуждающихся в уходе родственников;
б) тяжело или заразно больных;
в) детей,по своему физическому состоянию требующих ухода. Нет.

ЗАМ.НАЧ.4 ОТД.УГБ НКВД
Ст.Лейтенант Госбезопасности- (КУЗОВ)

Нач.4 Отд. 4 ОТД.УГБ.-
Сержант Госбезопасности- (ОТДЕЛА)

"__" марта 1938 г.


г.Алма-Ата.

Сурет 1. ІІХК МҚБ 4-бөлімінің өлім жазасына кесілген Ш. Дивеевтің отбасы туралы анықтамасы. 1938 ж. 17 наурыз, Алма-Ата қ. ҚР ПА. 352 қ., 1 т. (Алматы қ.), 4613 іс, 2 п.

Figure 1. Reference on family of Sh. Diveev, sentenced to execution by the 4th Department of the Main Directorate of State Security. 1938. March 17, Alma-Ata. AP RK. Fonds 352, inv. 1 (Almaty), file 4613, p. 2

Белгілі жазушы, драматург Бейімбет Майлиннің әйелі де отанын сатқан отбасы мүшесі ретінде жазаланған. Б. Майлин 1937 жылы 6 қазанда тұтқындалып, 1938 жылдың 26

ақпанында 1 санатпен ату жазасына кесілген. Ал оның әйелі Күлжамал Майлина 1938 жылы 13 сәуірде тұтқындалып, Алматы қаласындағы түрмеге жабылған. 1938 жылы 25 сәуірде К. Майлинадан жауап алынған, жауап алу кезінде ІІХК тергеушісі оның кінәсін мойындатуға жанын салғаны байқалады. Алайда, К.Майлина «кінәмды мойындамаймын» деген жауабынан таңбапты. Көп ұзамай, 1938 жылы 8 мамырда айыптау қорытындысы шыққан. К. Майлина өзінің күйеуі Б.Майлиннің сыбайласы ретінде РСФСР ҚК 58-2-8-11 тармақтарымен айыпталды[9]. 21 шілдеде КСРО ІІХК жанындағы Ерекше кеңес отырысы 5 баланың анасы К. Майлинаның ісін қарап, оны отанын сатқан отбасының мүшесі ретінде 5 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдау туралы шешім шығарған (сурет 2). Үкім шыққан күні К. Майлинаны лагерьге жедел жөнелту туралы ІІХК Карлагына қарасты Ақмола



ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА

Особого совещания при Народном комиссаре внутренних дел СССР

от 21 " июля 1938 г.

СЛУШАЛИ	ПОСТАНОВИЛИ
Дело № 5625/Казах. - о МАЙЛИНОЙ Кульжамал, 1900г.р.	МАЙЛИНУ Кульжамал - как члена семьи изменника родины - заключить в испр.-трудлагерь сроком на ПЯТЬ лет, сч.срок с 13/IУ-38г. Дело сдать в архив.

Отв. секретарь Особого совещания

Сурет 2. К. Майлинаны 5 жылға ЕТЛ жіберу туралы КСРО ІІХК жанындағы Ерекше кеңес хаттамасынан үзінді 1938 ж. 21 шілде, [Москва қ.] ҚР ПА. 352 қ., 1 т. (Алматы қ.), 4613 іс, 25 п.

Figure 2. Extract from the protocol of Special Counsel of NKVD, sentencing K. Mailina to Correctional labour camp. 1938. July 21, [Moscow] AP RK. Fonds 352, inv. 1 (Almaty), file 4613, p. 25

бөлімшесінің басшысына хат жолданған[10]. Карлагта жазасын өтей жүріп балаларымен қауышуды аңсаған Күлжамал 1939 жылы 8 қарашада Ішкі істер халық комиссары Берияға жолдаған арызында «...менің балаларыма оралуыма, оларды өзім тәрбиелеуіме мүмкіндік беріңіз» деп өтініпті[11]. Балаларының болашағына алаңдаған ана Семей

қаласындағы № 2 балалар үйіне өткізілген ұлы Мереке мен қызы Мауликаның туу туралы куәлігін қалпына келтіру туралы да бірнеше рет өтініш жазған. Ал 1940 жылы үлкен ұлы Аукеннің қайда екенін анықтау мақсатында өтініш жазыпты.

Тура 5 жыл өткесін 1943 жылдың 13 сәуірінде жазасын өтеу мерзімінің аяқталуына байланысты ІІХК лагері Карлагтан босатылған. Алайда, қой баққан азапты 5 жыл аздай, оған қоса ауыр жұмыстан әлсіз денсаулығы сыр беріп 2 категориядағы мүгедекке айналған К. Майлина да сыртқа шығуға құқығы жоқ еркін жалдамалы жұмысшы болып қалдырылған. Лагерьден босату туралы анықтамада осындай белгі соғылған. Күлжамалдың лагерь басшылығына өзін босату туралы жазған бірнеше арызы оң шешімін таппаған. Бұған қарамастан ол 1945 жылы 30 маусымда Карлагтың басқарма бастығына кезекті жазған арызында «...мен ана ретінде өз балаларыма оралғым келеді, оларды көрмеген 8 жылда қатты сағындым, ана жүрегі жылауда. Бастық жолдас, маған туған балаларыма оралуға мүмкіндік беріңіз. ...Көз жасымды төккізбей, мені балаларыма қайтарыңыз, әйтпесе балаларсыз маған өмір керек емес»[12] деп жан айқайын жеткізген. Бұлай шырылдауы түсінікті де. К.Майлина тұтқындалғаннан кейін 5 баласы тоз-тоз болып жан-жаққа кеткен болатын. 12 жастағы Мереке, 12 жастағы Маулика (Рәзия) Семейдегі №2, Еділ Аягөздегі балалар үйіне жіберілген. Ал 3,5 жасар қызы Гүлсім 1942 жылға дейін Алматы қаласындағы №4 сәбилер үйінде, одан 1948 жылға дейін Сарқандтағы балалар үйінде тәрбиеленіп, кейін Новосібір қаласындағы балалар үйіне жіберілген.

Қызы Рәзия болса 1944–1945 жылдарда анасынан шектеуді алып, босатуын өтінген хатты Карлаг бастығына бір емес 3 рет жазыпты[13]. Ана мен баланың қатыгез билікпен арпалысы нәтижесіз болмапты. К. Майлинаны лагерьден босату туралы шешім 1945 жылдың 24 маусымында шыққан. Алайда, араға 5 ай салып, 1945 жылы 24 қарашада лагерьден босатылып, Қарағанды қаласында тұруға рұқсат алған. Б.Майлин 1957 жылы 16 сәуірде, ал өзі 1957 жылы 28 маусымда ақталғаннан кейін 1958 жылы Алматы қаласына оралуға рұқсат берілген.

Отанын сатқан отбасының мүшесі айыбымен жаза тартқан әйелдердің тағы бірі – Ғалия Мамырбаева. Ол Қарағанды облысы тұтынушылар одағының бөлімін басқарған Төлеген Мамырбаевтың әйелі болатын. Т. Мамырбаев антисоветтік ұлттық террористік ұйымның белсенді мүшесі болуына байланысты халық жауы деп танылып, 1937 жылы 27 наурызда ұсталып, 1 санат бойынша айыпталған. 1938 жылы 11 наурызда атылған. Ал әйелі Ғалия Мамырбаеваны 1938 жылы 18 наурызда тұтқындаған. Ғ. Мамырбаева белгілі алашшыл қайраткер Р. Марсековтың қызы. Бұл факті де ІІХК қызметкерлерінің назарынан тыс қалмапты. Бір күн бұрын, яғни 17 наурызда толтырылған анықтамада Ғалия Мамырбаеваның ірі бай, эмигрант, Алаш-Орда ұйымының белсенді мүшесі Р. Марсековтың қызы екені көрсетілген. Халық жауының әйелі бола тұра, оның контрреволюциялық қызметін жасырды деген желеумен Ғ. Мамырбаева РСФСР Қылмыстық кодексінің 58 бабының 2, 7, 8 және 11 тармақтары бойынша айыпталды[14].

Айыпталушы анкетасында Ғ. Мамырбаева 1904 жылы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Айыртау ауылында дүниеге келген, әлеуметтік шығу тегі – мал шаруашылығымен айналысқан бай отбасынан, үй шаруасындағы әйел, 2 қыз, 4 ұлы бар екені айтылған. Жауап алу кезінде бар болғаны 3 сұрақ қойылыпты: Т. Мамырбаевты қай жылдан бері білесіз, күйеуіңіздің контрреволюциялық қызметін біле тұра билік органдарына айтудың орнына оны неге жасырдыңыз, сіз шындықты айтып отырған

жоқсыз. Ғ. Мамырбаева күйеуімнің контрреволюциялық қызметі туралы ешқашан білген емеспін білмеймін де деген жауабынан танбаған.

1938 жылдың 31 наурызында Ғ. Мамырбаеваға айыптау қорытындысы жарияланған. Онда «Шығыс Қазақстан облысы бойынша ІІХК басқармасымен Қазақстанда кеңінен тарап, жұмыс жасаған антисоветтік ұлтшыл ұйымның бір бөлігі болып табылатын антисоветтік ұлтшыл террористік ұйым табылып, көзі жойылды.

Бұл антисоветтік ұлтшыл ұйымның алдына қойған басты міндеті совет өкіметін құлатуды белсенді түрде дайындаған, Қазақстанды КСРО-дан бөліп әкетіп, Жапонияның көмегімен буржуазиялық тәртіпті орнату»[15] делінген. 21 сәуірде Ғ. Мамырбаеваның № 7600 ісі КСРО ІІХК Ерекше кеңесінің қарауына жолданған.

1938 жылы 10 маусымда КСРО ІІХК жанындағы Ерекше кеңестің шешімімен Ғалия Мамырбаева қауіпті әлеуметтік элемент ретінде 2 жылға тұрғылықты жерінде бақылауға алынды. Алты баласымен Семейге қоныс аударып, тектерін ауыстыруға мәжбүр болған екен. Бұл жәйінде мақаланы дайындау барысында ата-анасы тұтқындалғанда 3 жаста болған, қазір 89 (сұхбат 2024 ж. алынды) жастағы қызымен сұхбаттасуға мүмкіндік болды. Сара әжей былай деп еске алады: «Біз қоныс аударып келгеннен кейін көрші-қолаңмен аса араласа қойған жоқпыз. Тұрған жеріміздегі бір орыс әйелінің кеңесімен анамыз тегімізді Қайырбеков деп өзгертті». Осы себепке байланысты болуы керек 2018 жылы жарық көрген кітапта (Мәрсеков, 2018) Төлеген Мамырбаевтың тегі Қайырбеков деп көрсетілген. Тағы бір ескеретін жәйт Ғалияның аты Гүлғасыл деп берілген. Біз қылмыстық-тергеу істеріндегі анкета, жеке іс парағы мен т.б. құжаттарда жазылған атымен Ғалия деп бердік.

Ал Ғалияның 8-10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалмай, тұрғылықты жерде бақылауға алынуына кенже ұлының 8 айлық болуы әсер еткен болуы керек. Тоталитарлық жүйе қатыгездігі сол Т. Мамырбаев өзінің кенже ұлы Камильдің дүниеге келгенінен хабарсыз болған. Бұлай дейтініміз Төлеген 1937 жылы 10 қарашада толтырған анкетасында отбасы құрамында әйелім, 2 қызым мен 3 ұлым бар депті. Ал 1 жылдан кейін тұтқындалған әйелі Ғалия өз анкетасында кенже ұлының 8 айлық екенін көрсеткен[16]. Ғ. Мамырбаева 1990 жылы 24 маусымда ақталған.

Ғазиз Мұртазин ірі байдың баласы ретінде әрі алашордалықтармен байланысы үшін 1937 жылы партия қатарынан шығарылған. ҚазССР Жер шаруашылығы халық комиссариатының Мақта өндіру басқармасының бастығы қызметін атқарған. Қараша айының басында белсенді антисоветтік ұлтшылдық жұмыс жүргізгені үшін қамауға алынған. 1937 жылы 4 желтоқсанда 1937 ж. айыптау қорытындысы шыққан, 1938 жылы 27 ақпанда КСРО Жоғары Сотының Әскери коллегиясының көшпелі сессиясы ісін қарап, ату жазасына шешім шығарған. Үкім сол күні орындалған.

Әйелі Хафиза Мұртазинаны қамауға алу ордері 9 сәуірде шығарылған. 1938 жылы 20 сәуірде айыптау және қамауға алу туралы қаулы қабылданған. ІІХК жендеттері көп ұзартпай-ақ, 23 сәуірде жауап алған. Алайда, бір күннің ішінде екі рет алынған жауапта да Хафиза өз кінәсін мойындамапты. 27 сәуірде оған айыптау қорытындысы шыққан. 10 маусымда КСРО ІІХК жанындағы Ерекше кеңес Хафиза Мұртазина туралы № 0650 істі қарап, қауіпті әлеуметтік элемент ретінде 2 жылға тұрғылықты жерінде бақылауға алу туралы шешім шығарған[17]. Істе 1926 жылы партия қатарына қабылдау мақсатында толтырылған мінездеме сақталған, онда «...Отношение товарищеское, к коллективной

жизни взгляд хорошие, может признать свои ошибки, к группировке склонности не имеет, индивидуальность не замечается»[18]. 1938 жылы Хафизаға деген оң көзқарас күрт өзгеріп, «қауіпті әлеуметтік элементке» айналды. 1989 жылы 21 қазанда ақталған.

Қасаболатова Ғайни-Жамалдың ері Алаш қозғалысының белсендісі, алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Есенғали Қасаболатов 1937 ж. 14 тамызда тұтқындалса, ал Ғайни-Жамалға қатысты іс 1938 ж. 10 сәуірде қозғалған. Е. Қасаболатов Алматы медицина институтының алғашқы директоры, «Главнефть» тресі өлкелік конторы басқарушысының 2-орынбасары қызметтерін атқарған. Бар болғаны 2 айдың ішінде Ғайни-Жамалдың ісі қаралып, КСРО ІІХК жанындағы Ерекше кеңес 10 маусымда 2 жылға жер аудару туралы үкім шығарған.

Бірақ қазақ әйелдері жақсылықтан үміттерін үзбеді. Алматыдағы, Мәскеудегі құзыретті мекемелерге хат жазумен болды. Өзін де, күйеулерін де ақтауды өтінеді. Ғ. Қасаболатова 1939–1940 жж. КСРО Ішкі істер наркомы Л.П. Берияға, КСРО Жоғарғы кеңесінің президумына, ҚазССР Ішкі істер наркомы Н.С. Бурдаковқа хат жазған екен. Қазақстан ІІХК-ына жазған хатында мынадай жолдар бар: «...1938 ж. шілде айында күйеуіме байланысты Алматы қаласынан 2 жыл мерзімге Оңтүстік Қазақстан облысына жер аударылдым. 7 балам бар, үлкені 17 жаста, кішісі 1 ж. 4 ай. 7 адамның – 5-і мектеп жасында. Менің өзім ешуақытта жұмыс жасаған емеспін, қазір де жұмыс істемеймін. Себебі емшектегі балам жиі ауырады. Мұқтаждықтан балаларымның бір бөлігін ата-анама жібердім, қалғандары өзіммен бірге. Совет өкіметінің алдында еш кінәм жоқ. Менің барлық өмірім жеті баланы туып, өсірумен, тәрбиелеумен өтті...»[19].

Талқылау

Қуғын-сүргін тарихын пайымдай отырып, заңсыздықтың адам сенгісіз түрлері орын алғанын көреміз. Айталық, Алаш қозғалысының белсендісі, совет өкіметі тұсында Алматы қ. хайуанаттар паркінің директоры қызметін атқарған Мырзахан Төлебаевтың әйелі Хадиша Төлебаева-Жүнісбаева Отанын сатқан отбасының мүшесі ретінде 1938 ж. маусымда 8 жылға еңбекпен түзеу лагеріне кесіледі. Күйеуінен 1929 ж. ажырасып кеткені есепке алынбайды. Жанайқайына құлақ қойған адам табылмады. 1940 ж. Қазақстан прокуратурасына жолдаған хатында былай депті: «Мен Х. Төлебаева 1938 ж. 14 сәуірде Алматыда тұтқындалдым. Күйеуім 1937 ж. 5 желтоқсанда Алматы қ. тұтқындалды. Құжаттарым бойынша тегім Х.Жүніспаева (күйеуге тигенге дейінгі тегім). Күйеуімнен 1929 ж. ажырасқанмын. Мен кедей қазақ шаруасының қызымын. Балалық шағым Алматыға жақын ауылда өтті. Сауатсызбын. 50 жастамын, денсаулығымды жұмыста жоғалттым, сондықтан тұтқындалғанға дейін үй шаруасымен айналыстым, балаларыммен бірге тұрамын. Бұрынғы күйеуіме еш қатысым жоқ, сондықтан өзімді кінәлімін деп есептемеймін. Менің ісімді қарауыңызды өтініп сұраймын»[20].

Үкім шыққаннан 4 жыл өткенде ғана Хадиша Төлебаева босатылуы керек екені мойындалды. Соның өзінде лагерьден 1943 ж. шығады. Балалары жан- жаққа босып кетіпті. Ол аздайын 1956 ж. дейін өзінің заңды үйіне кіре алмай, көрінгеннің босағасында жүреді. КСРО басшысы Н.С. Хрущевқа жазған шағымында 10 м^2 кеңістікте 5 адам тұрып жатқанын айтады[21].

Осыған ұқсас тағдыр Алаш қозғалысының қайраткері, биолог-ғалым Жұмахан Күдериннің әйелі Т.Г. Насонованың да басынан өтті. Жұмахан Күдерин алғаш 1930

ж. «қазақ ұлтшылдары» ісі бойынша тұтқындалып, 2 жыл түрмеде отырғаннан кейін Воронежге айдауға жіберілген болатын. Бұлар Жұмахан сол айдауда жүргенде Воронежде 1934 ж. үйленген еді. Бірақ ресми құжат алмағандықтан азаматтық некеде тұрып жатты. Күйеуі «халық жауы» ретінде екінші рет 1937 ж. тұтқындалып, 1938 ж. 7 наурызда атылғаннан кейін 9 күн өте үйін тінтіп, ұзын-сонар тергеу амалдары жүрді. 21-шілдеде «әлеуметтік қауіпті элемент» Т.Г. Насонова 2 жылға жер аударылды[22].

Күдериндер әулетінің де аяусыз қудаланғанын айта кетуіміз керек. 1930 ж. әкесі Маусымбай, әкесінің інілері Ағыбай мен Бұғыбай қамауға алынады. Әкесі сол кеткеннен қайтпады. 1937 жылдың 11-қыркүйекте інісі Маусымбаев Төлеубек ату жазасына кесілді.

Қазақ әйелінің асыл қасиеттерін ашқан құжаттар көп. Олар қандай қапаста отырса да, алдымен баласын, құдай қосқан қосағын, туған-туыстарын ойлады. Отанын сатқан отбасының мүшесі айыптауымен соттала тұрып, тергеуде де, сот үстінде де, мерзімін өтеп жүргенде де күйеуі, өзі – ешқайсысы контрреволюционер-ұлтшыл еместігін қаймықпай айта алғанын ерлік деп бағалауымыз керек. Басым бөлігі екінші рет тұрмысқа шықпастан дүниеден өтті. Бұлардың биік рухани-имандық адалдықтары балаларын нағыз азаматтық ұстанымда тәрбиелегенінен көрініп тұр.

Саяси қуғын–сүргін қасіретін ашуда сол заманның куәгерлері естеліктерінің орны ерекше. Азамат Төлебаев әкесі Мырзахан Төлебаев пен шешесі Хадиша Төлебаева-Жүнісбаева тұтқындалғанда 13 жаста болған. Кейін өзінің естелігінде былай жазады: «...1938 ж. қаңтарында анам әкеммен кездесуге әрең қол жеткізді. Мені кіргізбеді. Анам әкемнен қатты жылап шықты: әкемді түні бойы мұзда ұстапты, әкемнің аяғы ісіп, қолдары дірілдеп тұр екен. Анам мен әкемнің әңгімесін күзетші бақылап тұрды.

Ақпанда анам екінші рет кездесуге рұқсат сұрады, бірақ оған үзілді-кесілді рұқсат бермеді»[23]. Ал күйеуімен соңғы кездесуге 1937 ж. 1 желтоқсанында барған Т. Күдерина–Насонова былай деп еске алады: «Мен декреттік демалыста едім, бірақ өзіммен 1 жастағы ұлымды ала келгенмін... Жұмаханның түрі қорқынышты еді. Оның көздері жарқ-жұрқ етіп тұрды. Басы, қол-аяғы және бүкіл денесі дірілдеп тұрды. Оның түрі – жүні жығылған және азапталған адамға келетін» (Кудерина 1994).

Қорытынды

Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырын архивтік қылмыстық-тергеу істерінің негізінде зерделеу келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді. Біріншіден, архивтік қылмыстық-тергеу істерінің құрамы бір тектес құжаттардан тұрады, алайда бұл істер жекелеген отбасылар басына түскен қасіреттің дәлелі мен дәйегі. Бұл өз кезегінде отбасы тарихын, әулет тарихын зерттеуге негіз болады. Біз қарастырып отырған саяси қуғын–сүргінге ұшыраған әйелдер тағдырындағы ортақтық «Отанын сатқан отбасы мүшесі» болуы. Олардың барлығына бірдей жалған айып тағылған. Алайда, бұлардың бірде-бірі «кінәсін» мойындамаған. Құжаттарды ой елегінен өткізе отырып, тағы бір байқағанымыз, күйеулері – өлім жазасына кесіліп, бұйрық орындалғаннан кейін әйелдеріне қатысты тергеу амалдары жүзеге асырылған. Бұл саяси қуғын-сүргіннің жоспарлы түрде жүргенін дәлелдейді. Екіншіден, қуғын–сүргін құрбандарын ақтау процесі қиын да күрделі жүзеге асқанын байқаймыз. Жазалауға келгенде көз ілеспейтін жылдамдықпен жұмыс істеген күштік құрылымдар адамдарды ақтауға келгенде еш

асықпады. Мысалы, Е. Қасаболатов 20 жылдан кейін (1957 ж.), зайыбы Ғайни-Жамал 50 жылдан кейін (1989 ж.) ақталса, Оңтүстік Қазақстан облысына жер аударылғанда 2 жаста болған қызы Раиса Советтер Одағы ыдырағанша ақталмай қала берді. Үшіншіден, құжаттар сол бір қасіретті жылдарда күштік құрылымдар мен сот жүйесі шындыққа тікелей қараудан мүлде алшақтағанын дәлелдейді. Әйтпесе, бір аптада жүздеген, бір айда мыңдаған «халық жауларын», алашордашыларды, шетел тыңшыларын т.б. әшкерелеу мүмкін емес қой. Кейбір айыптауларға бүгін де сену мүмкін емес.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» саяси қуғын–сүргін тарихына қатысты құжаттарды байыппен, жіті зерттеу талай ақиқатты ашуға, ақтаңдақтарды жоюға, жаңа есімдерді анықтауға мүмкіндік берері сөзсіз. Осы бағыттағы жұмысты тарихшылар мен архивистер бірігіп жүзеге асыруы тиіс.

Acknowledgements

The authors extend their sincere gratitude to Sara Kaırbekova (Mamyrbayeva) for her willingness to participate in the interview despite her advanced age.

Алғыс

Жасының ұлғайғанына қарамастан сұхбат беруге келісім берген Сара Қайырбекова (Мамырбаева) апайға алғысымыз шексіз.

Благодарности

Авторы выражают искреннюю признательность Саре Кайырбековой (Мамырбаевой) за согласие дать интервью, несмотря на преклонный возраст.

Ескертулер

1. Сара Қайырбекова – Райымжан Марсековтің қызы Мамырбаева Ғалияның қызы. Сұхбат 2024 жылы 14 қазанда жазып алынды.
2. Орынша Қарабалина-Қазыбаева Ұ. Құлымбетовтің інісі Жолмұраттың қызы, әкесі қайтыс болғаннан кейін Ұ. Құлымбетовтің қолында тәрбиеленген.
3. Протокол допроса А. Кулумбетовой. Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві (әрі қарай ҚР ПА). 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4339 іс. 23 п.
4. Директива НКВД СССР и Прокурора СССР № 221 от 22.06.1941 г. https://nkvd.tomsk.ru/content/editor/DOCUMENTS/ArhiwnDokuments/SSSR/SSSR_1918_1988/76-22-06-41-Direktiva-Narodnogo-komissara-vnutrennih-del-SSSR-i-Prokurora-SSSR-221-ot-22-VI-41.pd (дата обращения: 15.01.2025).
5. Директива НКВД СССР и Прокурора СССР № 185 от 29.04.1942 г. https://nkvd.tomsk.ru/content/editor/DOCUMENTS/ArhiwnDokuments/SSSR/SSSR_1918_1988/93-29-04-42-Direktiva-Narodnogo-Komissara-Vnutrennih-del-SSSR-i-Prokurora-SSSR-185.pdf (дата обращения 15.01.2025).
6. Анкета-послужной список А. Кулумбетовой. ҚР ПА. 404 қ. 2 т. (Қарағанды қ.). 4729 іс. 1 т. 8 п.
7. Выписка из протокола ОС при НКВД СССР об осуждении Ф. Дивеевой к заключению в ИТЛ на 8 лет. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4695 іс. 2 т. 7 п.
8. Определение Судебной коллегии по уголовным делам ВС КазССР о прекращении дела в отношении Ф. Дивеевой. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4695 іс. 2 т. 26 п.

9. Обвинительное заключение по следственному делу № 5625 по обвинению К. Майлиной. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4613 іс. 23 п.
10. Телеграмма начальника 8 отдела УГБ НКВД КазССР начальнику Алма-Атинской тюрьмы ОУНКВД об отправке К. Майлиной в г. Акмолинск. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4613 іс. 27 п.
11. Заявление К. Майлиной Наркому внутренних дел Союза Берии о пересмотре ее дела. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 4613 іс. 45 п.
12. Письмо К. Майлиной начальнику Управления Карлага НКВД. ҚР ПА. 404 қ. 2 т. (Қараганды қ.). 1902 іс. 11 п.
13. Заявление Р. Майлиной начальнику Карлаг Долинского отделения НКВД о снятии ограничения с ее матери – К. Майлиной. ҚР ПА. 404 қ. 2 т. (Қараганды қ.). 1902 іс. 13, 18, 21 п.
14. Справка УГБ ВКО ОУ НКВД на Г. Мамырбаеву. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (ШҚО). 686 іс. 1 п.
15. Обвинительное заключение по делу № 7600 Г. Мамырбаевой. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (ШҚО). 686 іс. 1 т. 17 п.
16. Анкета на арестованных и задержанных с зачислением за Восточно-Казахстанским областным УНКВД: Г. Мамырбаева. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (ШҚО). 686 іс. 6 п.
17. Выписка из протокола ОС при НКВД СССР об осуждении Х. Муртазиной под гласный надзор на 2 года. ҚР ПА. 352 қ., 1 т. (Алматы қ.). 2191 іс. 1 т. 5 п.
18. Характеристика на Г. Муртазину. Обвинительное заключение по делу № 0650 Х. Муртазиной. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 2191 іс. 1 т. 2-3 п.
19. Наркому внутренних дел КазССР Н.С. Бурдакову. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 2192 іс. 2 т. 23-24 п.
20. Заключенная Х. Толебаева Прокурору КазССР И.А. Баранову. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 6091 іс. 29 п.
21. Заявление Х. Толебаевой Первому секретарю ЦК КПСС Н. Хрущеву с просьбой о предоставлении квартиры. ҚР ПА. 352 қ. 1 т. (Алматы қ.). 6091 іс. 1 т. 33-35 п.
жұмыстар жасады, тек кейбіреуі ғана басқа үйірмелермен қарым-қатынаста. Соғыстан кейінгі жаңа ұрпақтың бұл жастары шынайы марксистер, социалистер және патриоттар болды, олар қолданыстағы жүйені құлатуға емес, оны «нағыз» «лениндік» социализмге немесе «югославиялық үлгідегі» реформа сияқты жақсартуға тырысты (Алексеева 2012: 332). Осындай сәйкестіктерді «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелерінің істерінен саралап көре аламыз: «жеке басқа табынуды» әшкерелеген, И. Сталиннің туғанына 100 жылдығы аясында ресталинизацияны сынап конференция өткізгісі келген, ең бастысы олар марксистік-лениндік ілімді бойларына сіңірген нағыз патриоттар болды.

Төрт адамнан басталған астыртын топ өз қатарларына студенттерді тартады. Олардың ішінде Қарағанды мемлекеттік университетінің студенттері Эмма Усманова, Игорь Кузнецов, Сауле Токтамысова, Евгений Фоменко, Тариверди Пирани мен Қарағанды мемлекеттік медицина институтынан Ремхев және тағы да басқалары болған. Э. Усманова осы астыртын топқа қалай кірдіңіз деген сұрағымызға «Біз жастық шақта едік. Жас болдық. Біз әлемді өзгерткіміз келді. Біз әлемді ең жақсы орынға айналдырғымыз келді», – деп жауап берді (Жағыпар және Усманова 2023). Зерттеу жұмысын жүргізу барысында біз Б. Парсегов пен Э. Усманова екеуінен алынған сұхбаттарды пайдаландық. Өйткені, архив құжаттарында аттары аталған адамдардың көпшілігінің орналасқан жері бізге беймәлім және кейбір топ мүшелері бүгінгі таңда Қазақстаннан тыс жерде тұрады. Мысалы, А. Баттаков қазір Майамиде және И. Березин Израильде өмір сүреді (Жағыпар және Усманова 2023).

Басқа да Қарағандының оқу орындарындағы мүшелері туралы: «Политех знал о контакте только с Сауле, мы его видели, у нас были псевдонимы, мы обращались по ним», – дейді (Жағыпар және Парсегов 2025). Политех қазіргі таңдағы Ә. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті болып табылады. Осы бүркеншек есімдер жайлы «Баск» ұйымды басқарды, «Светлячок» идеологияға жауапты, «Винни» қауіпсіздік қызметінде болған (Коханов 1989: 2). Э. Усманова тарих факультетінде оқығандықтан өзінің бүркеншек есімі «Скиф» болғандығын айтқан болатын (Жағыпар және Усманова 2023). Бұл жердегі «Баск» – Б. Парсегов, «Светлячок» – С. Токтамысова, «Винни» – А. Баттаков еді.

«Движение коммунары» астыртын жастар тобының бағдарламалық құжаттары мен жарғысы біз қараған архивтерде толық сақталмаған. Тек бағдарламалық құжаттарының үзінділері ғана берілген. Олар авторлық түпнұсқасында сұхбат алған екі топ мүшесінің қолында да қалмаған. Топтың жарғысын Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағы жарғысынан көшіріп жасаған және сол кірген мүшелерден КОКП-дағы сияқты мүшелік жарналар алып отырған. Сол мүшелік жарнаны Борис Парсегов 80 адам төлеп отырғанын айтады (Жағыпар және Парсегов 2025). Жарна туралы Бекбулатов жұмыс істегендер мен шәкіртақы алғандар 1 рубльден төлеген1. Ал Палаткин болса жарна төлеуден бас тартқан1. Топ жетекшісі Б. Парсегов сұхбат барысында мүшелік жарна төлеген 80 адамның аты-жөнін айтпауының екі түрлі себебі болуы мүмкін. Біріншісі, 80 адам топта болған жоқ. Екіншісі, сол адамдардың аты-жөнін көпшілікке жариялауды қаламауынан деп санаймыз.

Қабылдау комиссиясында отырып келген абитуриенттерге Герт, Солженицын, Некричтерді оқыдыңыз ба деп сұрап, оқыған болса өздерінің тізімдеріне қосып, түскен

жағдайда өз қатарларына тартқан (Жағыпар және Парсегов 2025). Мектеп оқушыларын да, соның ішінде №16 мектепте педогогикалық отрядтар құрып өз жақтастарын көбейткісі келгенін Палаткин сөйлеген сөзінде айтады1. Олар қабылдау комиссиясында жұмыс істегеннен Қарағанды мемлекеттік университетіне түскен студенттің кім арқылы келгенін, кімнің туысы, кімнің қорғауында болғандығы жайлы схема жасап таратқан, ол жасағандары сол кезде қолдан қолға өтіп жылдам тарап кеткен.

Жиналған деректер бойынша «Движение коммунары» астыртын жастар тобы қандай іс-әрекеттерге барғанын саралап көрейік:

біріншіден, адамдарды басқару үшін топтың жарғысы мен бағдарламасын жазған;

екіншіден, топқа адал болуға ант бергізіп, топтың жарғысына орай мүшелік жарна алып отырған;

үшіншіден, құпия түрде пәтерде, жатақханада, саябақта бір-бірімен кездесулерді тұрақты емес өткізіп отырғандықтан, қауіпсіздік мәселелеріне көңіл бөліп Азат Баттаков бастап ұсталып қалған жағдайда өзін қалай ұстау керектігі жөнінде нұсқаулық жасаған;

төртіншіден, жасырын түрде жиналып, құпиялық жағдайында үгіт-насихат жұмыстарын қызу талқылап, шешендік өнерді, марксизм туралы еңбектер мен басқа да материалдарды зерделеген;

бесіншіден, кезеңдік маңызы бар «Уби консистамус» (На том стоим), «С чего начать», «Тезисы о блате» атты бағдарламалық құжаттарды жариялаған;

алтыншыдан, сол кезеңнің қоғамдық-саяси жағдайын тап басып, әлеуметтік әділдікті орнатып оны жастық максимализммен жойғылары келген.

«Движение коммунары» астыртын жастар тобы атынан жазылған «Уби консистамус» (На том стоим), «С чего начать», «Тезисы о блате» атты бағдарламалық құжаттардың үзіндісін қайта қалпына келтіріп көру үшін сол түпнұсқа қалай берілді солай қоюды жөн деп білеміз:

«Уби консистамус» (На том стоим) құжаты: «В СССР дела обстоят наиболее плохо, растет преступность среди несовершеннолетних, партийные и советские органы разъедены блатом, во многих учреждениях и ведомствах идет настоящая борьба за власть. Понятие взятка, переплата вошли в дела и слова современного человека, бюрократизм госаппарата усиливается, правящие круги пытаются обособиться в элиту...»[4].

«С чего начать» құжаты: «Моральный кодекс строителя коммунизма уже не может выправить положения, так как носит рекомендательный характер. Культ личности и современной репрессии не дают возможности открыто выразить несогласие. Весь ужас в том, что нынешние руководители понимают всю гибельность нынешнего положения, но они пытаются модернизировать, не замахиваясь на устои»[4].

«Тезисы о блате» құжатын: «Мы вынуждены исходить из факта само отчуждения Элиты, из раздвоения на верхи и трудящихся. Брежнев и К заняты тем, что пытаются хоть на словах свести элиту к земной основе. Они не замечают, что после выполнения этой работы главное-то осталось неоделанным. Весь ужас в том, что нынешние руководители понимают всю гибельность положения, но пытаются модернизировать, не замахиваясь на устой», – топ атынан жариялайды (Коханов 1989: 2). Өкінішке орай, бұл жазылған құжаттарды бізден сұхбат барысында Б. Парсегов қаншама жыл өтіп кеткеніне орай және ол жеке өзінің ғана емес коллективтік жұмыс болғанын, құжаттардағы әрбір абзац үшін талас жүргенін еске алып толық нұсқасын қалпына келтіре алмайтындығын жеткізді.

Сол жылдары жазылған құжаттардың ешқайсысы жоқ өйткені Мемлекеттік қауіпсіздік комитетімен ұсталғанда барлығын тәркілеген.

1970 жылдардың басында Кеңес Одағында Қарағанды, Абай және Саран қалалық өнеркәсіп комбинаттарында ұйымдастырылған тері бұйымдарын дайындау және сату жөніндегі үлкен қылмыстық топтың «көлеңкелі» ісі туралы белгілі болған (Абылхожин 2019: 334-335). Сол істерді көздерімен көріп жүрген «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелері басында Қарағанды мемлекеттік университеті Заң факультетінде шығатын қабырға газетіне қылмыстық оқиғалар туралы ақпараттар таратады (Жағыпар және Парсегов 2025).

Одан әрі қарай осы жұмыстарын жалғастырып студент Борис полицияның жас достары «Зарница» педотрядында викторина сұрақтарына жауап бере отырып, 1937 жылы репрессияға ұшыраған әскери басшылар Тухачевский, Блюхерлер туралы және «жеке басқа табынуды» жеткізген (Коханов 1989: 2).

«Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелері университет қана емес, қаланың қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан әр саладағы келеңсіз оқиғаларды көрсетіп жүріп 1978-ші жылдың қазанынан 1980 жылдың сәуіріне дейін 18 ай өмір сүреді. 1980 жылы сәуір айында ұсталады. МҚК ғимаратына әкелінген Борис үшінші қабатқа көтеріліп бара жатқанда терезеден ауладағы Рафик микроавтобусынан Азат, Ким, Сауле түсіп жатқанын көріп қалады. Б. Парсегов топтың жасаған бүкіл істерін өзі жалғыз жасаған болып мойнына алады. Тұтқындалғанда тергеуші В. Юрконың алдындағы құжаттардан өздерін «Н» деген агенттің сатып жібергенін көрген (Жағыпар және Парсегов 2025).

Сол ұсталынған уақыты жайында Б. Парсегов: «Тогда в 1980 г. на допросе я узнал, что наша группа не была одинока, так как меня расспрашивали о связях «Движения коммунаров» со СМОГОМ (союзом молодых гениев), Алма-Атинской организацией молодежи, Ростовской группировкой и др.», – дейді (Жағыпар 2025).

«Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелерінің ісі комсомол комитетінің Қарағанды мемлекеттік университетінде 1980 жылы 27 мамырда өткен кеңейтілген отырысында қарастырылады1. Осы отырыстың 23 беттік стенограммасын қарап отырып мынадай тұжырымға келуге болады, тек «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелерін қаралау мақсатын көздеген. Оны сол Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушылары мен комсомол мүшелерінің қолдарын қанға малып отырып «жоғары» жақтың нұсқауымен жасаған деп санаймыз. Сондықтан да өз студенттерін өздері әшкерелеген оқытушылардың төменде аты-жөндерін көрсете отырып беруді жөн көріп отырмыз.

Бұл отырысты комсомол комитеті хатшысының міндетін атқарушы жолдас А.У. Шакирова төрағалық еткен. Осы отырысқа комсомол комитетінің мүшелерінен жиырма бір, партия комитеті мүшелерінен үш, қоғамдық ғылымдар кафедраларының оқытушыларынан төрт, ректорат мүшелерінен бес адам қатысады. Барлығы отыз үш адам. Төрағалық етуші «Университеттің БЛКЖО кейбір мүшелерінің жарғылық талаптарды бұзғаны туралы» деп отырыстың күн тәртібін жариялаған. Талқылауда сөйлеген ғылыми коммунизм кафедрасының доценті К.М. Бесембаев олардың жеке пікірлерін оппортунизм, маоизм, тіпті антикоммунизм әсер ететіндігін айтады[1].

Төрағалық етуші философия кафедрасының аға оқытушысы Р.Х. Белоусоваға сөз бергенде бұл топтың жұмысы әртүрлі – измдер, оппортуизм, масизм, антикоммунизм және т.б., сонымен қатар адасушылық болғандығын айтып, сектанттық, анархистік деп баға береді[1].

ҚарМУ комсомол комитетінің кеңейтілген отырысының талқылау атмосферасын беру үшін Б. Парсеговтың талқылау мүшелерімен диалог үзіндісін береміз. Борис Парсеговке «бұл топ кімнің бұйрығымен және қандай кеңестік заңмен құрылды? Неліктен сіз осындай топты құруға шешім қабылдадыңыз, мен оны анти-топ деп атар едім?» деген сұрақтарға: «Ешкімнің айтуымен емес, тек өзім ғана құрдым. Барлығымызды еліміздің өмірі алаңдатады. Ал қазір бізде белгілі бір мафия барлығы байқалады: тамыр-танысқа қоңырау соғу, бұл тек тапшы өнімдерге, тауарларға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық жағдайға, жұмыс орындарына да қатысты. Біз бұл кемшіліктермен күресетін ұйым қажет деп шештік. Комсомолда біз тек мүше болдық, бірақ біз өз жұмысымызды жасадық. Өз тобымыз қажет болды»,– деген жауаптар береді[1].

«Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелері деп анықтамада аты аталғандар А. Баттаков, С. Токтамысова, С. Мадеев, Э. Усманова. Т. Пирани, И. Березиндер сөз сөйлеп және С. Ким, Е. Фоменко, Н. Осипова, Жанибеков, Бекбулатов, Кузнецов, Султанов, Палаткина, Криптелеттерге сұрақтар қойып топқа қалай келулерінен бастап барлығын айтқызады. Әр түрлі жауаптар соның ішінде олар осы жасағандары үшін кінәлі екендерін, түсіністікпен қарауды және жазылған құжаттарды анти саяси, анти қоғамдық деп қарастыру басым1. Осы жауап берушілердің жауаптары өздері жасаған істерінің қате екендерін сезінетіндерін жан жүректерімен айтып отырмағанын көруге болады. Олай деп тұжырым жасауымызға Борис Парсеговтің сұхбатында сол кезеңдегі сөйлеген сөздерін МҚК қызметкерлері қағазға жазып бергендіктерін айтады (Жағыпар және Парсегов 2025).

Борис Парсеговтен алған құжаттарда: «МҚК архивінде біздің топ бойынша материалдар, сондай-ақ жауап алу хаттамалары (шамамен 20 адам) және комсомол комитетінің 1980 жылғы 27 мамырдағы аталған кеңейтілген отырысының магнитофондық жазбасы сақталуы тиіс», – деп көрсетілген (Жағыпар 2025). Сол арызға Қарағанды облысы бойынша МҚК басқармасы бастығының міндетін атқарушы М.М. Жанділдиновтен 1989 жылы 31 тамызда жауап хатында Сіздің түсініктемеңіз және ұсынылған «Движение коммунары» бағдарламалық құжаттары тарихи құндылығы жоқ деп жойылды дейді (Жағыпар 2025).

Стенограммада әрі қарай, комсомол комитетінің мүшелері А. Полецк пен Х. Хукеновке, ғылыми атеизм кафедрасы меңгерушісі И.Н. Живогляд, тарих факультетінің деканы К.Ж. Жуасов, ҚарМУ ректорының міндетін атқарушы Ж.С. Акылбаев, университет парткомының хатшысы А.Ф. Лепешкин сөз сөйлейді. Соның ішінде тарих факультетінің деканы К.Ж. Жуасовтың сөзінде: «Құжаттары тіптен қорқынышты. Біз мамандар дайындаймыз. Америкада мамандар дайындайды. Бірақ бір айырмашылық бар: біздің жанымызда және жүрегімізде марксистік-лениндік дүниетаным болуы керек», – дейді[1].

Төрағалық етушінің жарыссөзді тоқтатып, П.С. Шабалинге отырыс шешімінің жобасын оқу үшін сөз беріп, көпшілік дауыспен жоба толығымен қабылданады. Сол жоба аясында айыптап шығарған шешім бойынша Қарағанды мемлекеттік университетінің 16 студенті әр түрлі жазаға тартылады[1].

«Движение коммунары» астыртын жастар тобында болды немесе ол топ туралы тиісті органдарға жеткізбеді деп түрлі жазаға ұшыраған Қарағанды мемлекеттік университетінің 16 студентінің нақты мүшесі болған тоғызының жеке істерін архивтен таптық. Сол табылған тоғыз студенттің архивтік деректерімен топ құрамын сараптасақ.

Кесте 1. «Движение коммунары» астыртын жастар тобының құрамы
Table 1. The composition of the underground youth group «Dvizhenie Kommunary»

Барлығы - 9	***ер адам: 7 – 77,8%***			***әйел: 2 – 22,2%***			
Жасы	***19***	***20***	***21***	***22***	***23***		
	1	3	1	3	1		
Ұлты	***қазақ***	***орыс***	***кәріс***	***украин***	***әзербайжан***	***татар***	***армян***
	3 – 33,3 %	1 – 11,1%	1 – 11,1%	1 – 11,1%	1 – 11,1%	1 – 11,1%	1 – 11,1%
Комсомолда/ қай жылдан бастап БЛКЖО мүшесі	***1972***	***1973***	***1974***	***1975***	***1976***	***белгісіз***	
	1	1	2	1	1	3	
Факультеті/ курс	***1***	***2***	***3***	***4***	***5***		
6 заң, 2 физика, 1 тарих	1 – 11,1%	2 – 22,2%	1 – 11,1%	2 – 22,2%	3 – 33,3 %		

«Движение коммунары» астыртын жастар тобында болып ұсталған жастардың табылған архив бойынша құрамы туралы кестеден: «Тоғыз студенттің жынысы бойынша пайыздық көрсеткіші ерлер 77,8, ал қыздар 22,2; жас ерекшеліктері 100 пайыз 19-23 аралығындағы жастар; ұлтына байланысты интерноционалдық құрам пайызы 33,3 қазақ, 11,1 армян, орыс, кәріс, украин, әзербайжан, татар; әр жылдары болса да барлығы Бүкілодақтық Ленин Коммунистік Жастар одағының 100 пайыз мүшелері; факультеті пайыз бойынша 66,6 заң, 22,2 физика, 11,1 тарих; курс оқуына сай пайызы 11,1 – 1 курс, 22,2 – 2 курс, 11,1 – 3 курс, 22,2 – 4 курс, 33,3 – 5 курс» болғанын көреміз.

Талқылау

Қарағанды мемлекеттік универсиететінің соңғы бесінші курсында оқитын Б. Парсегов 1980 жылдың 5 маусымдағы № 477 бұйрығымен оқудан шығып қалады (Жағыпар 2025). Б. Парсегов Е.А. Поноженко көмегімен 1981 жылы 29 сәуірде универсиет ректорына оқуға өтініш жазып, отбасын құрғанын, баласы дүниеге келгенін және өндірістік мінездемесін қоса береді. Сол өтініші қабыл алынады[2]. 1981 жылғы 29 маусымда «құқықтану» мамандығын бітіріп шығады[2].

Э. Усмановаңың айтуынша Ғылыми коммунизм пәнінен емтихан тапсырғанда қабылдаушы үш адамның екеуі екі, Федюков бес қойып үш алып шыққан (Жағыпар және Усманова 2023). Э. Усмановаңың жеке ісіндегі сынақ кітапшасында 1975 жылы

1 қыркүйегінен бастап теориялық курстардың бәрін тек беске оқып келіп, «Ғылыми коммунизм» пәнінен 1980 жылы 9 маусымда қанағаттанарлық баға қойылған[5].

Одан кейін диплом қорғау кезінде МҚК араласқан, бірақ Мир Қасымұлы Қадырбаев жақсы қолдаған. М. Қадырбаев Эмманы шақырып алып оған МҚК құлатуға тапсырма бергенін, алайда ол сенің саясатта шаруам жоқ мен өзім қалағандай қоямын деп бес қойып берген. Содан кейін М.Қ. Қадырбаевты қатты құрметтейтінін айтады (Жағыпар және Усманова 2023). Бұдан шығатын ой, өз мансабы мен беделіне нұқсан келетіндігіне қарамай «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелерінің басына түскен қиын кезеңде қолдау көрсеткен істері азаматтық ерлік деп санаймыз.

Осы оқиғадан тоғыз жыл өткеннен кейін, 1989 жылы 30 маусымда Жезқазған қаласынан Борис Парсегов Бүкілодақтық Лениндік коммунистік жастар одағы орталық комитетіне, көшірмелері КСРО Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті мен «Комсомольская правда» газетінің редакциясына саяси құқығын қалпына келтіруге байланысты арыз жолдаған (Жағыпар 2025). Сол арызына байланысты Қарағанды мемлекеттік университеті комсомол комитеті пленумының 1989 жылғы 27 қазандағы №6 хаттамасымен ҚарМУ комсомол комитетінің 1980 жылғы 27 мамырдағы шешімінің күшін жойып, Б. Парсегов пен С. Мадеевті БЛКЖО қатарына еңбек өтілін үзіліссіз қалпына келтіріп, естелік үшін комсомол билетін беріп, «Движение коммунары» ұйымы қалған мүшелерінен комсомолдық жазаларды алып тастауға шешім шығарады4. Жоғарыдағы барлық деректерді саралай отырып түйетініміз БЛКЖО қатарынан шығарып, жарқын болашақтарына балта шабамыз дегендерімен олар өздерінің өзгеше ойлаған көзқарастары арқасында өз қатарластарымен салыстырғанда көп нәтижеге жетті. Сол астыртын жастар тобының кейбіреуін мысалға келтірсек, Борис Анатольевич Парсегов қазіргі уақытта зейнеткер, оған дейін қатардағы қарапайым жер асты тау-кен жұмысшыдан бастап, жергілікті жерлердегі Жезқазған, Қарағанды аймақтарындағы қызметтерін айтпағанда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аппаратының басшысы, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі (Монополияға қарсы агенттік) төрағасының орынбасары (Мәтішев Парсегов 2012) мемлекеттік қызметтерде және квазимемлекеттік мекемелерде басшылықта болған. Ал Эмма Радиковна Усманова еліміз бен шетелдерге танымал белгілі археолог. Ғалымның Scopus мәліметтер базасындағы h-индексінің көрсеткіші 15-ке тең, ғылыми қоғамдастықтың бүкіл әлемде мойындауына ие деп айта аламыз (Усманова 2025).

Қорытынды

Қорыта келе, Қазақ КСР-інің бір ғана өлкесі Қарағанды облысында орын алған «Движение коммунары» атты астыртын жастар тобы соншама барлық мемлекеттік мекемелер шошитындай жасырын түрде парақшалар таратқанынан басқа нақты істерге бармаса да, олардың өзгеше ойлаған ойлары мен пікірталастарда туған жеке пікірлерінің өзінен де билік орындары қорқып кетті. Қарағанды өлкесінде осындай өзгеше ойлайтын жандардың пайда болуының бірнеше себептерін анықтадық:

– біріншіден бұл кездейсоқтық емес, өйткені осы жерде КСРО аймағының барлық жерінен саяси айыппен сотталып келіп ҚарЛаг отырған ғылыми, шығармашылық өкілдері босағаннан кейін жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде жұмыс

жасап өз өмірлік тәжірбиесімен бөлісе отырып Орталық Қазақстан өңіріне ғана тән жастарға ой еркіндігін саналарына сіңіруге көп көмектескен. Астыртын топ құрған жастардың да жеке өмірлерінде кеңес билігі жүргізген қуғын-сүргінге отбасы мүшелері ұшырағандарын көре аламыз. Сондықтан да осындай өздері көріп жүрген қоғамдық-саяси өмірді жақсартуға өз үлестерін қосқысы келді.

– екіншіден, Борис Парсеговтің өзгеше ойлап «Движение коммунары» астыртын жастар тобын құруына түрткі болған негізгі факторлар атасы мен әкесінің кеңестік саясаттан жапа шеккені, саяси қуғын-сүргін көрген азаматпен әңгімесі және жасырын құжаттарды оқуы, Красноярск өлкесінде болғанда КСРО-да өзгеше ойлаған жастар топтары туралы ақпаратқа қанығуы еді.

– үшіншіден, ұсталынғандардың және жапа шеккендердің типтік биографиясын ҚарУ архивіндегі жеке архив құжаттарын қарап отырып былай жасауға болады: «Олар – жұмысшы тап отбасынан шыққан, мектепті үздік немесе жақсыға бітіргендер, мектепте белсенділіктері үшін алғыс хатпен марапатталғандар, жоғары оқу орнында үздік немесе жақсы оқып жатқандар, оқып жатқан унвиерситеттің саяси-қоғамдық өміріне белсене араласқандар, ғылымға бет қойып тамырын тереңнен іздегендер, қандай мамандыққа оқыса да әдебиет пен тарих, өнерге жақындар, жаңа идея тудырушылар, өз идеалдарына жан-тәнімен сенгендер, отбасылылық жағдайы үйленбеген, ұсталып әшкереленгенге дейін шығармашылық әлеуеті арқасында олардың қызметі жоғарлағандар, әшкереленген кездегі жастары 19–22 аралығында болғандар».

– төртіншіден, ой еркіндігін саналарына сіңірген студенттердің «Движение коммунары» астыртын жастар тобын құруы жоқ жерден пайда болмады, оның алғышарттары олардың социализм мен коммунизм идеалдарына берілгенімен кеңестік қоғамда болып жатқан көріністер жалпы тапшылық, ұрлық пен талан- таражыға салу, әлеуметтік әділетсіздік, билік номенклатурасының артықшылықтарын көре отырып айтылған сөз бен нақты істің арасындағы айырмашылықты байқаған жастардың бойында өзгеше ойлап қарсыласып шешуге талпынулары еді.

Қорыта айтқанда, 1978–1980 жылдары өмір сүрген «Движение коммунары» астыртын жастар тобы өзгеше ойлайтындар қозғалысының бір бөлшегі ретінде Қарағанды қаласында жұмыс жасады. Оның негізгі қозғаушы күші Қарағанды қаласының жоғарғы оқу орындарында оқып жүрген студенттер болды. Бұл топ сол кездегі сыбайлас жемқорлыққа, тамыр-таныстыққа қарсы және бүкіл социализм идеясын жер планетасының барлық аймағына таралуын қалаған интернационалдық бағыттағы халықаралық сипатқа ие болды. «Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшелері істері арқылы азаматтық қоғамды құру жолында талпыныстары еш кетпей өзгеше ойлайтын кеңестік жастарға бағыт-бағдар мен болшағын айқындауға өз үлестірін қосты.

Acknowledgements

We thank the journal editors and anonymous reviewers for their extremely helpful comments and suggestions for revising the manuscript.

Алғыс білдіру

Мақаланы қайта қарау барысында өте пайдалы ескертулері мен ұсыныстары үшін журнал редакторларына және аты-жөні көрсетілмеген рецензенттерге алғысымызды білдіреміз.

Благодарности

Мы благодарим редакторов журнала и анонимных рецензентов за их чрезвычайно полезные комментарии и предложения по пересмотру текста статьи.

Қосымша

1. Протокол расширенного заседания комитета комсомола Карагандинского государственного университета от 27 мая, 1980 г. Қарағанды облысы мемлекеттік архиві (ҚОМА). 538 қ. 1 т. 122 іс. 64-87 пп.
2. Личные дела студентов юридический факультет за 1981 г. Парсегов Борис. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің архиві (ҚУА). 764 қ. 2 т. 703 іс. 249-275 пп.
3. Личные дела выпускников юридического факультета окончивших в 1981 г. Баттаков Азат. ҚУА. 764 қ. 2 т. 701 іс. 30-52 пп.
4. Пленум комитета комсомола Карагандинского государственного университета от 27 октября, 1989 г. ҚОМА. 538 қ. 1 т. 222 іс. 31-37 пп.
5. Дела студентов исторического факультета окончивших университет 1980 г. Усманова Эмма. ҚУА. 764 қ. 2 т. 3576 іс. 115-162 пп.

Әдебиеттер тізімі

The Intimate Life of Dissent: Anthropological Perspectives. Amarasuriya H., Kelly T., Maunaguru S., Oustinova-Stjepanovic G., Spencer J. London: UCL Press. 2020. 209 p.

Абдакимов А. *История Казахстана (с древнейших времен до наших дней)*. Алматы: РИК. 1994. 235 с.

Абылхожин Ж.Б. *Постсталинский период в истории советского Казахстана: череда обреченных реформ и несостоявшихся деклараций (1953-1991 гг.)*. Алматы: КБТУ. 2019. 468 с.

Алексеева Л. *История инакомыслия в СССР: новейший период*. 3-е изд., стер. Москва: Моск. Хельсинк. Группа. 2012. 384 с.

Анатомия конфликтов. Центральная и Юго-Восточная Европа: документы и материалы последней трети XX века. Т. I. Начало 1970-х – первая половина 1980-х годов. Санкт-Петербург: Алетейя. 2012. 736 с.

Аяған Б.Ғ. *Он бірінші тарау 2. Қоғамдық-саяси өмір ерекшеліктері*. В: Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. Алматы: Атамұра. 2010. 593–601 б.

Бұрханов К.Н., Аяған Б.Ғ. *Оныншы тарау. 2. Қоғамдық-саяси өмір ерекшеліктері. В: Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін).* Бес томдық. 4-том. Алматы: Атамұра. 2010. 576-583 б.

Вселенная Братьев Стругацких Фанатское сообщество. https://www.strugatskie.com/wp-content/uploads/2022/12/1963_-_Трудно_быть_богом_без_илл..pdf. Қаралды 18.02.2025.

Доклад Первого секретаря ЦК КПСС Н.С. Хрущева на XX съезде КПСС 25.02.1956. https://web.archive.org/web/20220205101225/https://www.1000dokumente.de/index.html?c=dokument_ru&dokument=0014_ent&object=translation&st=&l=ru Қаралды 24.02.2025.

Ефремова Т. *Новый словарь русского языка. Толково-словообразовательный.* Москва: Русский язык. 2000. https://www.efremova.info/. Қаралды 23.02.2025.

Жағыпар Ә. *«Движение коммунары» астыртын жастар тобы негізін қалаған Борис Парсеговпен сұхбаты.* Астана. 25.01.2025.

Жағыпар Ә. *Борис Парсеговпен сұхбаты барысында алынған құжаттар*. Астана. 25.01.2025.

Жағыпар Ә. «*Движение коммунары» астыртын жастар тобы мүшесі болған Эмма Усмановамен*

сұхбаты. Бетпақдала. 6.08.2023.

Инакомыслие в условиях «реального социализма». Поиски новой государственности (конец 60-х – 80-е гг. XX в.). Москва: Институт славяноведения РАН. 2014. 728 с.

Казиев С.Ш. *Советская национальная политика и проблемы доверия в межэтнических отношениях в Казахстане (1917-1991 годы):* дисс. док. истор. наук. Москва. 2015. 549 с.

Контрразведывательный словарь (Отв. редактор В.Ф. Никитченко). Москва: Научно-издательский отдел. 1972. 371 с.

Коханов С. *Души прекрасные порывы, или История о том, как «альма-матер» объявила своих питомцев неблагонадежными*. Ленинская смена. 29.12.1989.

Кыдыралина Ж.У. *Становление и судьбы идей по национальному вопросу в Казахстане (1917-1991 гг.):* исторический анализ: дисс. док. истор. наук. Астана. 2008. 400 с.

Мәтішев Ә. Парсегов Б.А. туралы. *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 17 ақпандағы № 227 Қаулысы*. https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000227/compare. Қаралды 23.02.2025.

На колени не встану. 21.10.2023. https://dzen.ru/a/ZTAshqskLHBaVBQl. Қаралды. 23.02.2025.

Романкина И.А. *Типология диссидентского движения в СССР (1950-е – 1980-е годы):* дисс. канд. ист. наук. Коломна. 2007. 197 с.

Русско-казахский словарь: 70000 слов. Под редакцией Н.Т. Сауранбаева, Г.Г. Мусабаева, Ш.Ш. Сарыбаева третье изд. перераб. и дополн. Алматы. Дайк-Пресс. 2005. 1152 с.

Сайлан Б.С. *Кеңес өкіметі тұсындағы жастар саясатының Қазақстанда жүзеге асырылуы: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.):* тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. Алматы. 2010. 339 б.

Смағұлов О. *Қазақтың айбарлы диссидент. Мақмет Құлмағамбеттің өмір жолы.* Алматы: AmalBooks. 2020. 400 б.

Усманова Эмма Радиковна: ученый, археолог, новатор. https://buketov.edu.kz/ru/media/usmanova-emma-radikovna-ueniy-arheolog-novator-799. Қаралды 23.02.2025.

References

The Intimate Life of Dissent: Anthropological Perspectives. Amarasuriya H., Kelly T., Maunaguru S., Oustinova-Stjepanovic G., Spencer J. London: UCL Press. 2020. 209 p. (in English)

Abdakimov A. *Istoria Kazahstana (s drevneishih vremen do nashih dnei).* Almaty: "RIK" Publ. 1994. 235 p. (in Russian)

Abylhozhin Zh. *Poststalinski period v istorii sovetskogo Kazahstana: chereda obrechennyh reform i nesostoiavshihsia deklaracii (1953-1991 gg.).* Almaty: "KBTU" Publ. 2019. 468 p. (in Russian)

Alekseeva L. *Istorija inakomysliya v SSSR: noveishii period. 3-e izd., ster.* Moscow: "Mosc. Helsink. Gruppa" Publ. 2012. 384 p. (in Russian)

Anatomiya konfliktov. Centralnay i Jugo-Vostochnay Evropa: dokumenty i materialy poslednei treti XX veka. T. I. Nachalo 1970-h – pervaa polovina 1980-h godov. St. Petersburg: Alethea. 2012. 736 p. (in Russian)

Ayagan B.G. *Onynşy tapay. 2. Qoğamdyq-saiasi ömır erekşelikterı. In: History of Kazakhstan (from ancient times to the present).* Bes tomdyq. 4-tom. Almaty: Atamura. 2010. Pp.593–601. (in Kazakh)

Burkhanov K.N., *Ayagan B.G. Onynşy tapay. 2. Qoğamdyq-saiasi ömır erekşelikterı. In: History of Kazakhstan (from ancient times to the present)*. In five volumes. Vol.4. Almaty: Atamura. 2010. Pp.576–583 (in Kazakh)

Vselennaya Bratev Strugackih Fanatskoe soobshhestvo. https://www.strugatskie.com/wp-content/

uploads/2022/12/1963_-_Трудно_быть_богом_без_илл..pdf Date of request: 18.02.2025. (in Russian)

Doklad Pervogo sekretarja CK KPSS N.S. Hrushheva na XX siezde 25.02.1956. https://web.archive.org/web/20220205101225/https://www.1000dokumente.de/index.html?c=dokument_ru&dokument=0014_ent&object=translation&st=&l=ru Date of request: 24.02.2025. (in Russian)

Yefremova T. *Novyi slovar russkogo yazyka. Tolkovo-slovoobrazovatelnyi.* Moscow: Russian Language. 2000. https://www.efremova.info/ Date of request: 23.02.2025. (in Russian)

Zhagypar A. *«Dvijenie komunary» astyrtyn jastar toby negızın qalağan Boris Parsegovpen sūhbaty.* Astana. 25.01.2025. (in Kazakh)

Zhagypar A. *Boris Parsegovpen sūhbaty barysynda alynğan qūjattar.* Astana. 25.01.2025. (in Kazakh)

Zhagypar A. «*Dvijenie komunary» astyrtyn jastar toby müşesı bolğan Emma Usmanovamen sūhbaty.* Betpakdala. 6.08.2023. (in Kazakh)

Inakomyslie v usloviah «realnogo socializma». Poiski novoi gosudarstvennosti (konec 60-h – 80-e gg. XX v.). Moscow: Institute of Slavic Studies Russian Academy of Sciences. 2014. 728 p. (in Russian)

Kaziev S.S. *Sovetskaia natsionalnaia politika i problemy doveriia v mezhetnicheskikh otnosheniiakh v Kazakhstane (1917-1991 gody).* Dissertation for the Degree of Doctor of Historical Sciences. Moscow. 2015. 549 p. (in Russian)

Kontrrazvedyvatelnyi slovar (Otvetstvennyi redaktor V.F. Nikitchenko). Moscow: Scientific Publishing Department. 1972. 371 p. (in Russian)

Kohanov S. *Dushi prekrasnye poryvy, ili Istorija o tom, kak «alma-mater» obyavila svoih pitomcev neblagonadezhnymi.* Lenin's shift. 29.12.1989. (in Russian)

Kydyralina Zh.U. *Stanovlenie i sudby idei po nacionalnomu voprosu v Kazahstane (1917-1991 gg.): istoricheskii analiz: Dissertation for the Degree of Doctor of Historical Sciences.* Astana. 2008. 400 p. (in Russian)

Matishev A.B. *Parsegov B.A. turaly. Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2012 jylğy 17 aqpandağy № 227 Qaulysy.* https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000227/compare. Date of request: 23.02.2025. (in Kazakh)

Na koleni ne vstanu. 21.10.2023. https://dzen.ru/a/ZTAshqskLHBaVBQl. Date of request: 23.02.2025. (in Russian)

Romankina I.A. *Tipologia dissidentskogo dvizhenia v SSSR (1950-e – 1980-e gody):*Dissertation for the Degree of Candidate of Historical Sciences. Kolomna. 2007. 197 p. (in Russian)

Russko-kazahskii slovar: 70000 slov. Pod redakcie N.T. Sauranbaeva, G.G. Musabaeva, Sh.Sh. Sarybaeva tretie izd. pererab. i dopoln. Almaty. Daik-Press. 2005. 1152 p. (in Russian)

Sailan B.S. *Keñes ökımetı tūsyndağy jastar saiasatynyñ Qazaqstanda jüzege asyryluy: tarihy men tağylymy (1917-1991 jj.):* Dissertation for the Degree of Doctor of Historical Sciences. Almaty. 2010. 339 p. (in Kazakh)

Smagulov O. *Qazaqtyñ aibarly disident. Maqmet Qūlmağambettıñ ömır joly.* Almaty. "AmalBooks" Publ. 2020. 400 p. (in Kazakh)

Usmanova Jemma Radikovna: uchenyj, arheolog, novator. https://buketov.edu.kz/ru/media/usmanova-emma-radikovna-ueniy-arheolog-novator-799. Date of request: 23.02.2025. (in Russian)

Information about authors

Zauresh G. Saktaganova – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Center for Ethnocultural and Historical-Anthropological Research, E.A. Buketov Karaganda State University, Gogol

st., 38, 100012, Karaganda, Kazakhstan, https://orcid.org/0000-0002-5881-482X, zauresh63@mail.ru
Yulia A. Lysenko – Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Department of Oriental Studies, Altai State University, 61 Lenin Ave., 656049, Barnaul, Russian, https://orcid.org/0000-0002-1088-3578, iulia_199674@mail.ru
Adilet B. Zhagypar – doctoral student of the historical faculty of E.A. Buketov Karaganda University, Gogol st., 38, 100012, Karaganda, Kazakhstan, https://orcid.org/0009-0006-6791-6154, karakesek334@mail.ru

Авторлар туралы мәліметтер

Зәуреш Ғалимжанқызы Сақтағанова – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Этномәдени және тарихи-антропологиялық зерттеулер орталығының директоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Гоголь көшесі, 38, 100012, Қарағанды қ, Қазақстан, https://orcid.org/0000-0002-5881-482X, zauresh63@mail.ru
Юлия Александровна Лысенко – тарих ғылымдарының докторы, профессор, шығыстану кафедрасының меңгерушісі, Алтай мемлекеттік университеті, Ленин даңғылы, 61, 656049, Барнаул қ, Ресей, https://orcid.org/0000-0002-1088-3578, iulia_199674@mail.ru
Әділет Бауыржанұлы Жағыпар – Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультетінің докторанты, Гоголь көшесі, 38, 100012, Қарағанды қ, Қазақстан, https://orcid.org/0009-0006-6791-6154, karakesek334@mail.ru

Сведения об авторах

Сактаганова Зауреш Галимжановна – доктор исторических наук, профессор, директор Центра этнокультурных и историко-антропологических исследований, Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, ул. Гоголя, 38, 100012, Караганда, Казахстан, https://orcid.org/0000-0002-5881-482X, zauresh63@mail.ru
Лысенко Юлия Александровна – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой востоковедения, Алтайский государственный университет, пр. Ленина, 61, 656049, Барнаул, Россия, https://orcid.org/0000-0002-1088-3578, iulia_199674@mail.ru
Жағыпар Әділет Бауыржанұлы – докторант исторического факультета, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, ул. Гоголя,38, 100012, Караганда, Казахстан, https://orcid.org/0009-0006-6791-6154, karakesek334@mail.ru

Author Contributions

Z.G. Saktaganova – formulation of the research aim, concept, and objectives; preparation and development of the manuscript, including critical review of the draft, incorporation of comments and revisions by research team members during pre- and post-publication stages; oversight, leadership, and mentorship throughout the planning and implementation of the study. Yu.A. Lysenko – development of the research methodology for the article; creation, annotation, and classification of metadata; critical review of the manuscript draft; translation into a foreign language. Ä.B. Zhagypar – writing the article text; compilation of archival materials for the study; selection and preparation of the bibliography; formulation of the article's conclusions; formatting the article in accordance with the journal's technical requirements; implementing revisions and additions aligned with the research objectives; editing and translation.

Авторлардың қосқан үлесі

Сактаганова З.Г. – Зерттеудің мақсаты / идеясын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау.

Қолжазбаны құру және дайындау: қолжазба жобасын сыни талдау, зерттеу тобы мүшелерінің, оның ішінде жарияланғанға дейінгі және кейінгі кезеңдерде ескертулер мен түзетулер енгізу. Зерттеуді жоспарлау және жүргізу процесінде бақылау, көшбасшылық және тәлімгерлік. Лысенко Ю.А. – мақаланы жазу үшін зерттеу әдістемесін әзірлеу, метадеректерді құру, аннотациялау, деректерді жіктеу, қолжазба жобасына сыни шолу жүргізу. Шет тіліне аудару. Жағыпар Ә.Б. – мақала мәтінін жазды, мақаланы жазу үшін архивтік материалды жинақтап, библиографияны іріктеу жұмыстарын жүргізді, мақаланың тұжырымын әзірледі, журналдың техникалық талаптарына сай мақаланың рәсімделуін қамтамасыз етті, мақсат-міндеттерге сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, түзету, аударма жұмыстарын жасады.

Вклад авторов

З.Г. Сактаганова – формулировка цели, идеи, задач и направлений исследования; подготовка и разработка рукописи: критический анализ проекта рукописи, внесение замечаний и исправлений на этапах до и после публикации, участие членов исследовательской группы; контроль, руководство и наставничество в процессе планирования и проведения исследования. Ю.А. Лысенко – разработка методологии исследования для написания статьи; создание, аннотирование и классификация метаданных; критический обзор проекта рукописи; перевод на иностранный язык. Ә.Б. Жағыпар – написание текста статьи; сбор архивных материалов для подготовки публикации; составление библиографии; формулировка выводов статьи; оформление статьи в соответствии с техническими требованиями журнала; внесение изменений и дополнений в соответствии с целями и задачами исследования; редактирование и перевод.

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / ***Раскрытие информации о конфликте интересов.*** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. ***/ Disclosure of conflict of interest information.*** The author claims no conflict of interest

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 13.03.2025
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 20.04.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 16.06.2025

GUMILYOV JOURNAL OF HISTORY
ISSN: 3080-129X. eISSN: 3080-6860
DOMESTIC HISTORY – ОТАН ТАРИХЫ – ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИСТОРИЯ

Ғылыми мақала / Research Article
МҒТАР / IRSTI 03.20.00

https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-147-172

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық салдарын салыстырмалы талдау: демографиялық аспект

Е. Ұстағалиев[a]✉, Д. Айтмағамбетова[a]
[a]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
✉*yernar.ustagaliyev@gmail.com*

Аңдатпа. Мақала XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ашаршылықтың тарихи және демографиялық аспектілерін зерттеуге арналған. Аталған кезеңде Қазақстанда 1921-1922 және 1931-1933 жылдары екі ірі ашаршылық орын алғаны белгілі. Екі жағдайда да аштық құрбандары болған адамдар саны миллиондап есептеледі. Аралығы он жылды құраған бұл аштықтардың демографиялық салдарына салыстырмалы талдау жасау мақаланың мақсаты ретінде алдынды. Мұрағат құжаттарын, халық санағы материалдарын және статистикалық мәліметтерді қолдану, аштық салдарына салыстырмалы талдау жасау, сондай-ақ аштық зардаптарын, залал ауқымын және олардың республика халқының өміріне тигізген әсерін демографиялық талдау әдісін қолдану зерттеу міндеттері ретінде анықталды. Нақты атап айтар болсақ, зерттеу міндеттеріне өлшемдер бойынша статистикалық мәліметтерді кезеңдер бойынша, жас ерекшелігі бойынша, орналасқан жері бойынша, сандық және пайыздық арақатынастары бойынша жүйелеу, сандар мен деректерді талдаудың салыстырмалы әдісін қолдану, XX ғасырдың қос аштықтан кейінгі демографиялық ахуалдың бейнесін құрастыру, кестелер мен статистикалық сызбаларда келтірілген сандық деректерге талдау жасау жатқызылды. Әртүрлі өлшемдер арқылы қос аштықтың статистикалық мәліметтерін салыстыра отырып жүйелеу зерттеу әдіснамасының ерекшелігі болып отыр. Зерттеу нәтижелері аштықтың демографиялық әсерін зерттеу үшін салыстырмалы талдау әдісін қолдану тақырыпты тереңірек зерттеуге ықпал ететінін көрсетті. Дегенмен, аталған мақаланы жазу барысында бірқатар қиындықтардың болды. Олардың қатарына бірқатар аймақтар мен аудандардың халық саны көрсетілмегенін, аштық жылдарынан бірнеше уақыт өткен соң жүргізілген санақ мәліметтеріндегі жалпылама көрсеткіштерді жатқызуға болады. Сондай-ақ адам шығыны деп көрсетілген мәліметтерден ішкі және сыртқы көші-қондағы үлесінің арақатынасы, жергілікті органдардың берген ақпараттарының ресми статистикалық органдармен қарама-қайшылығы, ауруға ұшырау (өлімнің аурудан немесе аштықтан болуы) мен өлім-жітімнің тіркелмеген жағдайларын анықтау секілді бірқатар қиыншылықтардың болғанын айта кеткен жөн. Жалпы зерттеу нәтижелері үш бөлімнен тұрады. Бірінші және екінші бөлімде 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихи-саяси және демографиялық аспектілері қарастырылады. Үшінші бөлімде екі аштықтың демографиялық шығындарының салыстырмалы талдау нәтижесі ұсынылды. Алынған нәтижелер бойынша ашаршылық жылдары қазақтардың республикадағы адам шығыны жағынан ең жоғары көрсеткіш көрсеткені белгілі болды. Статистикалық мәліметтерді пайдаланып, талдау арқылы алынған қорытындылар Қазақстандағы XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашар-

[a]© Ұстағалиев Е., Айтмағамбетов Д., 2025

шылықтың неғұрлым толық демографиялық бейнесін жасау үшін эмпирикалық негіз бола алады.
Түйінді сөздер: ашаршылық; демографиялық дағдарыс; салыстырмалы талдау; халық санағы; статистикалық материалдар; халық санының динамикасы

Сілтеме жасау үшін: Ұстағалиев Е., Айтмағамбетов Д. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстандағы ашаршылық салдарын салыстырмалы талдау: демографиялық аспект. *Gumilyov Journal of History.* Т.150, no.2, б. 147-172. *https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-147-172*

Қаржыландыру: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің "Қазақстан тарихы бойынша иллюстрацияланған өмірбаяндық энциклопедия жазу" ИРН BR24993173 тақырыбын бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша іске асырылады.

Comparative analysis of the consequences of famine in Kazakhstan in the 20-30 years of the 20th century: demographic aspect

Ye. Ustagaliyeva[a], D. Aitmagambetov[a]

[a]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. This article is devoted to the study of historical and demographic aspects of famine in Kazakhstan at the beginning of the 20th century. During this period, there were two major famines in Kazakhstan in 1921-1923 and 1931-1933. In both cases, the victims of famine number in the millions. The aim of the work is a historical and comparative analysis of the demographic consequences of two famines with a difference of ten years. The comparative analysis of hunger with the use of archival documents, census materials and statistical data, as well as the application of the method of demographic analysis of the consequences of famines, the scale of damage, and their impact on the lives of the indigenous population of the republic, are defined as research tasks. In particular, the objectives of the study included the systematization of statistical data by measurement, by period, by age, by location, by quantitative and percentage ratios, the use of a comparative method of analyzing numbers and data, drawing up a picture of the demographic situation after the two famines of the 20th century, the analysis of numerical data presented in tables and statistical schemes. A feature of the research methodology is the systematization of statistical data for both cities in various dimensions and modules. The results of the study show that the use of a comparative method to study the demographic consequences of hunger contributes to an even deeper study of this topic. However, there were a number of difficulties in writing this article. These include the fact that the population of several regions and districts is not indicated, as well as general figures in censuses conducted several years after the famine years. There are some difficulties in the data designated as human losses, such as the ratio of their share in internal and external migration, the contradiction of information provided by local authorities with official statistical authorities, the identification of unregistered cases of morbidity (death from illness or starvation), and mortality. The results of the study consist of three parts. The first and second parts consider the historical, political, and demographic aspects of the famines of 1921-1923 and 1931-1933. The third part presents a comparative analysis of the demographic losses of the two famines. According to the results obtained, it turned out that during the famine years, Kazakhs showed the highest rate of human casualties in the republic. The results obtained through qualitative analysis using statistical data served as an empirical basis for compiling a more complete demographic picture of mass famine in the 20s-30s of the 20th century in Kazakhstan.

Keywords: famine; demographic crisis; comparative analysis; population censuses; statistical materials; population dynamics

For citation: Ustagaliyev Ye., Aitmagambetov D. Comparative analysis of the consequences of famine in Kazakhstan in the 20-30 years of the 20th century: demographic aspect. *Gumilyov Journal of History.* 2025. Vol.151, no.2, pp.147-172. *https://doi.org/10.32523/3080-129X-2025-151-2-147-172*

Funding. This scientific article was prepared within the framework of the implementation of the program BR24993173 This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Сравнительный анализ последствий голода в Казахстане в 20-30 годы XX века: демографический аспект

Е. Устагалиев[a], Д. Айтмагамбетов[a]

[a]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию исторических и демографических аспектов голода в Казахстане в начале XX века. В указанный период в Казахстане было два крупных голода в 1921-1923 и 1931-1933 годах. В обоих случаях жертвы голода исчисляются миллионами. Целью работы является историко-сравнительный анализ демографических последствий двух голодов с разницей в десять лет. В качестве исследовательских задач определен сравнительный анализ голода с применением архивных документов, материалов переписи населения и статистических данных, а также применение метода демографического анализа последствий голодов, масштаба ущерба и их влияние на жизнь коренного населения республики. В частности, к задачам исследования относились систематизация статистических данных по измерениям, по периодам, по возрасту, по месту нахождения, по количественным и процентным соотношениям, применение сравнительного метода анализа чисел и данных, составление картины демографической ситуации после двух голодов XX века, анализ численных данных, приведенных в таблицах и статистических схемах. Особенностью методологии исследования является систематизация статистических данных по обоим голодам по различным измерениям. Результаты исследования показывают, что применение сравнительного метода для изучения демографических последствий голода способствуют еще более глубокому изучению этой темы. Однако при написании данной статьи возник ряд трудностей. К ним можно отнести тот факт, что численность населения ряда регионов и районов не указана, а также приводятся общие показатели в переписях, проведенных через несколько лет после голодных лет. В данных, обозначенных как человеческие потери, имеется ряд трудностей, таких, как соотношение их доли во внутренней и внешней миграции, противоречие информации, предоставленной местными органами с официальными статистическими органами, выявление незарегистрированных случаев заболеваемости (смерти от болезни или голода) и смертности. Результаты исследования состоят из трех частей. В первой и во второй части рассматриваются историко-политические и демографические аспекты голода 1921-1923 и 1931-1933 годов. В третьей части представлен сравнительный анализ демографических потерь двух голодов. По полученным результатам

выяснилось, что в голодные годы казахи показали самый высокий показатель по человеческим жертвам в республике. Результаты, полученные с помощью качественного анализа с использованием статистических данных, послужили эмпирической основой для составления более полной демографической картины массового голода в 20-30 годах XX века в Казахстане.
Ключевые слова: голод; демографический кризис; сравнительный анализ; переписи населения; статистические материалы; динамика численности населения

Кіріспе

XX ғасырдың басындағы ашаршылық тақырыбы қазіргі Қазақстан тарихының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Жалпы бұл кезең Бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы қазақтардың патшаға қарсы көтерілісі, Қазан төңкерісі, Азамат соғысы және аралығы он жылды құраған қос ашаршылық (1921-1922, 1931-1933) сынды қазақ қоғамындағы ірі катаклизмдерге толы болды. Салыстырмалы түрде алып қарасақ, 1921-1922 жылғы Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі (ол кезеңде РКСФР құрамындағы Қырғыз Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы) аштық тақырыбын зерттеу кейінгі жылдары қарқын ала бастаған болса, отандық тарихнамада *Ашаршылық* атауымен қабылданған 1931-1933 жылғы аштық тақырыбы өзінің ауқымды деректік базасымен және бай тарихнамалық талдау жұмыстары арқылы жан-жақты зерттелгендігімен ерекшеленеді. Бұл тақырып соңғы жылдары жеке зерттеу бағыты ретінде қалыптасып келеді, кешенді зерттеу бағытындағы жұмыстар өз нәтижелерін беріп отыр (Голод в Казахстане 2023; Голод в Казахстане 1921-1923 годов 2021). Украина ғалымдарының (Воловина 2020; Рудницкий және т.б. 2020) сол елде болған аштықтың демографиялық аспектілерін зерделеген жұмыстары бізге осы бағыттағы зерттеулер үшін белгілі бір бағдар және әдістерді ұсына алды.

Жұмыстың мақсаты – статистикалық деректерді, халық санағы материалдарын және мұрағат құжаттарын қолданып, Қазақстандағы 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың демографиялық салдарын тарихи-салыстырмалы талдау. Негізгі міндеттерге (1) нақты өлшемдер мен модульдер бойынша статистикалық мәліметтерді жүйелеу (кезеңдер бойынша, жас ерекшелігі бойынша, орналасқан жері бойынша, сандық және пайыздық арақатынастары бойынша, өлім-жітімнің себептері бойынша т.б.), яғни сипаттау арқылы талдау түрін қолданатын сандық әдіс, (2) сандар мен деректерді талдаудың салыстырмалы әдісін қолдану, (3) XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы аштықтан кейінгі демографиялық жағдайдың шынайы бейнесін құрастыру үшін кестелер мен схемаларда келтірілген сандық ресурстарға сапалы талдау әдісін жүргізу жатады.

1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихи демографиясын зерттеу саласында біз осы оқиғалардың салдарының сипатын түсіндіру үшін бірнеше сұрақтарға жауап беруіміз керек, соған орай біздің зерттеу сұрақтарымыз келесідей болмақ:

– XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылықтың айырмашылықтары неде және олардың ерекшеліктері қандай?

– Қазақстандағы демографиялық дағдарыстың шынайы бейнесін анықтау үшін осы екі ашаршылықтың салдарынан халық шығынын салыстырмалы талдау әдісі бізге қалай көмектесе алады?

Ашаршылық жылдары қазақтардың адам шығыны КСРО-дағы басқа халықтар арасында пайыздық арақатынасы тұрғысынан ең жоғары болғаны туралы гипотеза бар. Осы тұста аталған тұжырымның дұрыстығына көз жеткізу үшін және жағдайды нақтылау үшін қолда бар ресурстарға салыстырмалы талдау жұмыстары жүргізілді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында тарихи салыстырмалы әдіс және жүйелеу әдісі секілді тарих ғылымындағы негізгі жалпытарихи әдістер басшылыққа алынды. Мақалада деректерді талдау, модульдер бойынша ақпаратты жіктеу және жалпылау сияқты жалпығылыми әдістер қолданылды. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылықтың тарихи-демографиялық аспектілерін талдау үшін әртүрлі кезеңдер мен аймақтардың статистикалық деректеріне контент талдау әдісі қолданылды. Негізінен іріктеу (жиынтық сан) әдісі ретінде сандық тәсіл әдістемесі пайдаланылды, яғни, аймақтар мен жылдар бойынша халық арасындағы демографиялық шығындар мен кему бойынша орташа статистикалық деректерді анықтау үшін іріктеу әдісі қолданылды, сонымен қатар барлық қолда бар деректердің орташа пайызы таңдалды. Осы орайда ашыққандар бойынша анағұрлым нақты әрі толық мәліметтері бар губерниялар мен облыстардың материалдары қолданылғанын (негізінен Орал және Қостанай губерняларының мысалында), бірқатар аймақтар бойынша толық емес ақпараттар кездесетіндігін айта кеткен жөн.

Зерттеудің салыстырмалы әдісі жоғарыда аталған талдау тәсілдерімен бірге аштыққа ұшыраған аймақтардың демографиялық ерекшеліктері жөнінде белгілі бір қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Салыстырмалы талдау әдісі бұл жұмыстағы негізгі әдіс болып табылады, өйткені түрлі өлшемдер бойынша, атап айтқанда, кезеңдер бойынша, яғни жылдар арасында, қос аштық арасында (1931-1933 жылдардағы аштықты 1921-1922 жылдардағы аштықпен), жас мөлшері бойынша (балалар, ересектер), аймақтар бойынша (республика және губерниялар бойынша), сандар мен пайыздық көрсеткіштердің арақатынасы бойынша, адам шығынының себептері бойынша (аштықтан, аурулардан, ашаршылық салдарынан т.б. болған өлім-жітім) мәліметтерге салыстыру және сәйкестендіру жұмыстары жүргізілді. «Демографиялық аспект» ұғымын қолдану төңірегінде біз халық санындағы жалпы өзгерістерді салыстыру арқылы талдауды көздегенімізді атап өткен жөн.

Салыстырмалы талдау кезінде адам шығындарына неғұрлым шынайы баға беру үшін бірнеше жайттар ескерілді. Алдымен, аштықтың салдарынан болған адам шығындарын анықтау кезінде тікелей шығындарға артықшылық берілді, бұл дегеніміз, аталған тікелей адам шығыны деген ұғымға түрлі аурулардан (іш сүзегі, бөртпе т.б.), аштықтан және ашаршылықтың зардабы салдарынан (дәрменсіздік, дұрыс тамақтанбау т.б.) болған адам шығыны санаттары еніп отырғанын ескеру қажет. Өлім-жітім саны демографиялық реконструкция әдісі бойынша анықталды. Сандардағы айырмашылық пен адам шығынын бағалау аштыққа дейінгі және одан кейінгі жылдардағы орташа сандарға негізделген.

Зерттеудің негізгі материалдары Қазақстанның әртүрлі архивтерінен алынған құжаттар мен істер (Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Президентінің архиві, Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві),

сондай-ақ сол кезеңге жататын түпдеректер болды (Статистико-экономический обзор КССР 1923; Административно-территориальное деление Союза ССР 1930; Сборник статистических сведений 1925; Сельское хозяйство КССР в 1923 году 1924; Список населенных пунктов КССР 1923).

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының аймақтардағы архивтерінен, сондай-ақ Ресей Федерациясының архивтерінен жинақталған құжаттар мен материалдардың бірнеше жинақтары жарық көрді (Ашаршылық. Голод 2021; Трагедия казахского аула 2018; Қазақстандағы ашаршылық. Голод в Казахстане 1921-1923 гг. 2021; Голод в Казахстане в начале 20-х годов XX века 2023). Салыстырмалы талдау жұмыстарын жүргізу үшін 1926, 1937 және 1939 жылдардағы халық санағының материалдары пайдаланылды (Всесоюзная перепись 1928; Население Казахстана 2009).

Әдеби шолу

XX ғасырдың басында орын алған ашаршылық тақырыбына қатысты алғашқылардың бірі болып қалам тартқандар Н.И. Мардаровский (Мардаровский 1922), С.А. Нейштадт (Нейштадт 1957) сынды авторлар болды. Көлемі жағынан шағын ғана «Голод в Киргизии и борьба с недородом» деп аталатын еңбекте автор аштықтың басты себептері ретінде патшалықтың отарлық саясаты мен аймақтағы халықтың сауатсыздығын көрсетті, сонымен қатар ашаршылық тек мәдениеті төмен халықтарға тән деп атап өткен. Екінші автор архив құжаттарының мәліметтерін пайдалана отырып, аштық жалмаған аймақтардағы ашыққан адамдардың санын көрсетуге тырысты. Ол алғашқылардың бірі болып Қазақстанда ашыққандардың санын 2,3 млн адам деп көрсеткен болатын. Қазақ даласындағы аштық мәселесін отандық кеңестік тарихшылар Ә.Б. Тұрсынбаев (Турсунбаев 1967), Г.Ф. Дахшлейгер (Дахшлейгер 1965), А.Н. Нүсіпбеков (Нусупбеков 1966) жазды. Дегенмен аталған авторлар тарапынан қос аштықты салыстыра отырып талдау жұмыстары жүргізілмеген.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ашаршылық тақырыбы Ж.Б. Абылхожин, М.Қ. Қозыбаев, М.Б. Тәтімов (Абылхожин және т.б. 1989), Т.О. Омарбеков (Омарбеков 1993), Н.В. Алексеенко (Алексеенко 1999), Қ.С. Алдажұманов (Алдажуманов 2013), М.Х. Асылбеков (Асылбеков 2016) секілді ғалымдардың тарапынан зерттеудің жаңа деңгейіне шықты. Б.А. Мусаевтың (Мусаев 2006) монографиясы 20-жылдардағы аштықтың әлеуметтік-саяси аспектілерін зерделеуге басымдық берген кешенді зерттеу болып табылады.

Соңғы жылдары тақырыппен жан-жақты айналысатын зерттеушілер тобы пайда болды, сонымен қатар тың мұрағат құжаттарымен жаңартылған жаңа зерттеу жұмыстары жарық көре бастады (Капаева 2021; Кудайбергенова 2023; Боранбаева 2017; Козыбаева 2021; Смагулова 2019; Хайдаров 2021; Смағұлова және т.б. 2023). Бұл авторлардың мақалалары мен еңбектері аштықтың әртүрлі аспектілерін зерделеуге көмектесті. 30-жылдардағы ашаршылықтың зардаптары туралы іргелі зерттеу жұмыстары қатарында С.О. Смағұлованың (Смағұлова 2024) еңбегін атап өткен жөн.

Қазақстандағы ашаршылық тақырыбын шетелдік тарихшылар да зерттеді (Олкотт 1981; Уиткрофт 2003; Огайон 2009; Киндлер 2017; Пианчиола 2018; Ритчтер 2019). Олардың жұмыстары Қазақстандағы ашаршылықты мәдени, экономикалық және саяси аспектілер тұрғысынан қарастыруымен қызықты. Американдық тарихшы С. Камерон

(Камерон 2018) қазақ және орыс тілдеріндегі деректер мен естеліктерге сүйеніп, сонымен қатар мемлекеттік мекемелер мен коммунистік партияның құжаттарын зерделей отырып, аштықты қазақ қоғамында орнаған сталиндік тәртіптің нәтижесі деп бағалайды. Соңғы уақытта украин, қытай, қазақ және кеңестік аштықтарды салыстырмалы талдау талпыныстары бой көрсете бастады (Грациози және т.б. 2019). Дегенмен бұл авторлардың еңбектерінде екі аштықтың салдарын салыстырмалы талдау негізгі зерттеу нысаны болмағанын көруге болады.

Нәтижелер

1921-1922 жылдардағы ашаршылықтың тарихи және демографиялық аспектілері

1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы аштықтың демографиялық тарихы бойынша салыстырмалы сипаттағы материалдар, сонымен қатар XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылық салдарының демографиялық сипатын талдайтын еңбектердің жазыла бастағанын айта кеткен жөн. Соңғы онжылдықта көптеген жаңа архив құжаттары мен тың материалдар жинақталды, солардың негізінде аталған аштықтардың демографиялық бейнесін жасауға болады. Жұмыс нәтижелерін үш бөлікке бөлуді орынды деп таптық. Бірінші және екінші бөлімде 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихи-саяси және демографиялық аспектілері қарастырылады. Үшінші бөлімде екі аштықтың демографиялық шығындарының салыстырмалы талдау нәтижелері ұсынылды.

XX ғасырдың 20-жылдарының басындағы аштық барысында ресми түрде 5 облыс (Орал, Бөкей, Қостанай, Орынбор, Ақтөбе) және 1 уез (Адай) қамтылды, ал аштықтың жалпы аумағы 2,633.300 халқы бар 1,048.100 шаршы шақырымды құрады. Сол кездегі Қырғыз (Қазақ) Автономиялы Кеңестік Республикасының құрамындағы 7 губернияның 5-еуі аштыққа ұшыраған деп жарияланды. Аштық республиканың 20 ауданы мен 21 уезін қамтыды (Мусаев 2006: 62-63). Кеңес кезеңінде 1921-1922 жылдардағы ашаршылық фактісінің ашықтығы жағдайында да Ақмола губерниясындағы аштық туралы ақпарат айтылмаған, аштықтың бастапқы кезеңінде аталған губернияда 1 миллионнан астам тұрғыны бар халықтың жартысына жуығы аштық құрсауына іліккен болатын. Аштықтың алғашқы кезеңінің өзінде-ақ республика аумағында ашыққандардың санын көруге болады, олардың саны 2 млн адамнан асып жығылды, яғни 68%-ды құраған. Аштыққа көп ұшыраған Орал және Қостанай губерниялары болды, ондағы ашыққандарың көрсеткіші сәйкесінше 95% және 91%-ды құрады.

Аштықтың себептеріне келер болсақ, оның бірнешеуін көрсетуге болады. Қоршаған орта мен табиғи-климаттық тұрғыдан бұлар маусымдық құрғақшылықтар, астықтың шықпауы мен жұт (бұндай табиғи құбылыстар далалық аймақта әрбір 10-12 жыл сайын циклдік жүйемен қайталанып отырды); тарихи себептер тұрғысынан бұл Қазан төңкерісі мен Азамат соғысы және олардың барлық салдары; егер саяси параметрмен қарасақ, бұл большевиктер бейнесіндегі жаңа билік және олардың әскери коммунизм саясаты; және соңғысы, экономикалық тұрғыдан бұл ауыл шаруашылығын дұрыс жүргізбеу және егістік алқаптардың азаюы. Кеңестердің БОАК-нің 1921 жылғы 18 маусымдағы декретінен соң азық-түліктермен қамтамасыз ету және тарату мақсатында Ашыққандарға көмек

көрсету Орталық комиссиясы құрылды. 1921 жылдың 15 шілдесінде Қырғыз (Қазақ) АКСР жанынан ашыққандарға көмек көрсету Орталық Комитеті өз жұмысын бастады.

Аштыққа ұшырағандардың нақты санын анықтау өте қиын. Ашыққандар туралы неғұрлым толық ақпарат тек 1921 жылғы қараша айынан бастап пайда бола бастады, яғни аймақтардан түсе бастаған есептер ашыққандар бойынша мәліметтер берді (1-кесте). Өкінішке қарай, архив материалдарында жергілікті органдар мен орталық статистикалық басқарманың есептерінде ашыққандар саны бойынша айырмашылықтар бар. Сондай-ақ айлар бойынша жасалған статистикалық мәліметтердегі сандарда да айырмашылық кездеседі.

1924 жылы Орынборда «Сельское хозяйство Киргизской Советской Социалистической Республики в 1923 году по итогам сельско-хозяйственной переписи 1923 года» деп аталатын кітап жарық көрді. Бұл еңбекте 1917, 1920 және 1923 жылғы халық санағының мәліметтері берілген. Аталған деректе республикадағы адам санының айтарлықтай нақты ақпараттары көрсетілген, олар аштық салдарын сипаттауға мүмкіндік береді (2-кесте). Кестеде губерниялардағы қалалық және ауылдық тұрғындардың саны көрсетілді.

1923 жылы аштықтан кейінгі ауыл халқының саны қалалық тұрғындармен салыстырғанда айтарлықтай кеміген. Жалпы алғанда, ауыл халқы мен ауыл шаруашылығының ахуалы өте қиын болды, мемлекеттік көмек шаралары тиісті жерлеріне жетпеген, сонымен қатар медициналық мекемелер қажетті дәрі-дәрмектермен, керекті жабдықтармен қамтамасыз етілмеген, солардың салдарынан ауыл халқы қалаларға бас сауғалауға мәжбүр болды.

Статистикалық шолуда көрсетілгендей, бұл аштықтағы адам шығынының саны 693.179 адамды құраған. Егер қалалық тұрғындардың саны өзге аймақтардан немесе ауылдардан (қалаларға жетуге мүршасы барлар) келгендер есебінен 15.602 адамға немесе 6%-ға ұлғайған болса, ауыл тұрғындарының саны 31%-ға кеміген. Бұл аштықтың негізінен ауыл халқына қатты әсер еткенін көрсетеді. Сонымен қатар аталған шолудағы статистикалық мәліметтерге Ақмола мен Семей губерниялары және Адай уезі бойынша ақпараттар келтірілмеген. Егер 1920 жылы Ақмола және Семей губернияларындағы ауыл халқы 1,141.990 және 1,028.760 адамды, ал қала халқы сәйкесінше 54.693 және 101.831 құраған болса, 1922 жылы ауыл тұрғындарының саны Ақмола губерниясында 931.810 адамды, ал Семей губерниясында 1,067.836 адамды құраған. Ал қаладағы адам саны өзгермеген. Нәтижесінде екі губерния бойынша адам шығыны сәйкесінше 210.169 және 62.255 адам болды (Кудайбергенова 2023: 135).

1921-1922 жылдар аралығында ашаршылық нәтижесінде Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі халық санында болған адам шығыны бойынша қорытындылайтын болсақ, біз түрлі деректерден алынған мәліметтер арқылы бұрын толық болмаған ақтаңдақтарды толтыруды көздедік. Егер 1923 жылғы ауыл шаруашылық санақ қорытындысында аштық құрбандарының саны 693.179 адамды құраса, 1920-1922 жылдардағы тұрғындардың қозғалысы туралы статистикалық мәліметтерде адам шығыны 814.3 мың адамды құраған. 1921-1922 жылдардағы аштықтың шынайы бейнесі мен адам шығынын анықтау үшін кесте құрастырылды, ол кестеде Республикаға қарасты барлық губерниялар мен уездер енгізілді, түрлі деректердегі кестелердің ақпараттары жүйеленіп, біріздендірілді, мәліметтер 1920 жылдан 1922 жылға дейінгі кезеңдерді қамтыды. Кестелердегі сандар тексерілді, себебі кейбір деректерде қате есептелген сандар кездесті (3-кесте).

Біздің салыстырмалы есебіміз бойынша Республика аштықтан 1,105.3 мың адамнан немесе жалпы халықтың 22%-нан айырылды. Кейбіреулерде 4,781.263 адамға қатысты сұрақ туындауы мүмкін. Бұл көрсеткіш 1920 жылғы 28 тамыздағы халық санағы материалдарында республикадағы ашаршылық қарсаңындағы халық саны ретінде тіркелді. Бұл санақта Азаматтық соғыс жағдайында жалпы халықтың шамамен 70%-ы ғана қамтылғанын ескеру қажет. Сондай-ақ, бұл санаққа 240-260 мыңға жуық адам тұратын Адай және Маңғышлақ уездері сияқты өңірлердегі халық саны кірмеген.

Аштықтың салдарынан халық арасындағы адам шығынын нақты анықтау үшін 1920 жылғы халық санағы мен 1923 жылғы мәліметтер аралығындағы кезеңді қамтитын статистикалық материалдар арнайы таңдап алынды. Әдетте зерттеушілер 1926 жылғы санақ материалдарын басшылыққа алады, алайда арадағы 3 жылдағы (1923-1926) өзгерістерді де ескеру керек, өйткені 1923-1926 жылдар аралығында республика тұрғындарының арасында оң демографиялық өзгерістер болғаны белгілі. Сол себептен бұл кезеңді конпенсаторлық кезеңге жатқызуға әбден болады. 1921-1922 жылдардағы аштықтан тұрғындар арасындағы адам шығынының санын анықтау үшін біз 1920 жыл мен 1923 жыл аралығындағы өзгерістер кезеңін негізге алдық. Төменде ұсынылған кестеде Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі аштықтан болған жалпы адам шығыны көрсетілген, бұл көрсеткіштер ауыл мен қала бөлінісін, сонымен қатар 1000 адамға шаққандағы есебін және губерниялар мен уездер бойынша жалпы санын көрсетеді (4-кесте).

Сандардағы ауытқушылық ықтималдылығын шамамен 7 мен 9% аралығында деп топшылаймыз, бұған ішкі және сыртқы көші-қон үлесі, жергілікті органдардың толық қамтылмаған мәліметтері, ауруға ұшырау мен өлім-жітімнің тіркелмеген жағдайлары есепке алынып отыр. Жоғарыда айтқан дәйектердің және 1921-1922 жылдардағы аштық салдарынан болған адам шығындарын жалпылама есептеудің нәтижесі бойынша қаза болған адамдардың саны 1 млн адамнан 1,2 млн адамға дейін жетуі немесе барлық тұрғындардың 22-23%-ың құрауы ықтимал деген болжам айтамыз.

Ауыл шаруашылығы санағында, сондай-ақ 1923 жылғы халық қозғалысы туралы статистикалық мәліметтерде тұрғындардың ұлттық құрамы туралы қандай да бір ақпарат ұсынылмайды, бұл ұлттық белгілер бойынша аштықтан құрбан болған адам шығынын есептеуді қиындатып отыр. Дегенмен де есептеулердің орташа көрсеткіштері аштық жылдары қазақтардың арасында адам шығынының ең жоғары болғанын көруге болады. Бұны қазақтар тығыз шоғырланған аймақтардың көбінесе далалық аудандарда орналасқандығымен, сондай-ақ олардың қалалар мен тамақтандыру пункттерінен әлдеқайда шалғай мекендерде тұрғандығымен түсіндіруге болады. Малынан айырылған көшпелілер қалалық мекендерге жете алмаған, олар жолдарда мерт болып немесе көмек шараларын күтіп өз мекендерінде қалып ажал құшқан.

Аштық болған губерниялар мен аудандардағы қазақ ұлтының үлесі орта есеппен 80%-ды құрады (1920 жылғы санақ материалдарына сәйкес қазақтар республикадағы халықтың 71,4%-ын құрады). Қазақтар шоғырланған негізгі аймақтар Ақтөбе, Орал, Бөкей губерниялары, Адай уезі мен Торғай ауданы болды. Тұрғындар арасындағы адам шығыны осы үлес салмақтың арақатынасына негіздеп алынды. Өйткені ұлттық құрам бойынша өзге сандар мен көрсеткіштер жоқ. Ауытқу деңгейі 4-6% шамасында деп қабылданды. Осы жайттарды ескеріп, қазақтардың шығыны 884.2 мың, орыстардың шығыны 165.8 мың, ал өзге ұлттардың шығыны 55.2 мың болды деген болжам жасаймыз.

Қазақ ұлтының шығыны 80%-ды құрады, бұл республика тұрғындары арасындағы өлімнің жоғары көрсеткіштерінің бірі болды (5-кесте).

1931-1933 жылдардағы ашаршылықтың тарихи және демографиялық салдары

Тарихнамада *«Қазақ ашаршылығы»* немесе «Ұлы жұт» деген атпен белгілі 1931-1933 жылдардағы ашаршылық Қазақстанның жаңа тарихындағы қайғылы оқиғалардың бірі болды. Бұл алапат аштықтан опат болғандар саны 1,250.000 адамнан 2,5 млн адамға дейін болды деп топшыланып отыр. Кеңестік кезеңде аштық құрбандарын есептейтін арнайы шаралар ұйымдастырылмады, себебі ол тұста аштық жөнінде ресми түрде айтуға тыйым салынды. Еңбектер мен шолуларда негізінен тек аймақтардағы азық-түлік қиындықтары туралы ғана жазылды. Республикада жүзеге асырылған кең ауқымды ауыл шаруашылығын ұжымдастыру науқаны сұмдық аштыққа жол ашты. Елдің барлық аудандарын аштық жайлаған тұста да республика аумағында нан дайындау кампаниялары жүріп жатты. Мал басының саны жыл өткен сайын математикалық тәртіппен азая бастады, адамдар өздерінің жанын аман сақтау үшін үй-жайларын тастап, бас сауғалап босып кетті. Жаппай аштықтың шарықтау шегі 1932-1933 жылдарға тап келді. Халық арасындағы адам шығыны мен өлім-жітім мыңдап есептелді, тұрғындардың өзге аймақтарға үдере көшуі жаппай сипат алды.

1920, 1926 және 1937 жылдардағы санақ материалдарына сүйене отырып, оқиғаның демографиялық бағасын және оның статистикалық шолуын деректерді салыстыру арқылы беруді жөн көрдік. Егер 6-кестедегі мәліметтерге көз салар болсақ, алғашқы аштық уақытынан кейінгі жылдардың (1923-1926) конпенсаторлық кезең болғанын көреміз. Ашаршылық тұсында өзге аумақтарға көшіп кеткендерді елге қайтару, сонымен қатар республика аумағына орыстар мен украиндерді қоныстандыру науқандарының басталғанын білеміз. Осы кезеңде елдегі халық саны өсе бастады, демографиялық дағдарыстан біртіндеп шыға бастады. Дегенменде қазақ ұлтының табиғи өсу динамикасы мүлдем өзгеріссіз қала берді, жергілікті ұлт өкілдерінің 1920 жылы болған 3,615.1 мың адам саны дәл осы көрсеткішті 1926 жылы да қайталап отыр, алайда қазақтардың республикадағы үлесі 71,4% – дан 58,5% –ға кеміп, 6 жыл ішінде 13%–ға азайып кеткенін көрсетті. Ал осы уақыт аралығында мемлекеттегі орыстар мен өзге де ұлттардың саны сәйкесінше 318.3 және 802.6 мың адамға артқан. Көрсетілген 6 жыл ішінде (1920-1926) республикадағы қазақтардың саны бар болғаны 0,3%-ға немесе 12.5 мың адамға ғана өскенін атап өту қажет. Бұл осы уақыт кезеңінде жергілікті ұлт – қазақтардың саны өспеген, ал орыстардың саны 33%-ға, өзге ұлттардың саны 163%-ға артқандығын білдіреді.

Өз жерінде тұрып жатқан қазақ ұлтының саны кеми бастады, бұл үрдіс кейінгі кезеңдерде де сақталып отырды. Кестеде 1920 жыл мен 1937 жыл аралығындағы статистикалық мәліметтер ұсынылған. Сандардағы өзгерістер алдыңғы жылдардағы көрсеткіштерден кейін болған айырмасы жазылған, яғни бағанда (+/-) алдыңғы жылдардағы санақтарда болған оң немесе теріс өзгерістер көрсетілген (1920 жылдардағы өзгерістер 1897 жылдағы көрсеткіштерден есептеледі). Егер республикадағы халықтың жалпы санының динамикасын есепке алатын болсақ, онда 17 жыл ішінде (1920-1937) халық саны бар болғаны 57 мың адамға өскенін көреміз. Осы аталған жылдар аралығында қазақтардың саны 1,433.6 мың адамға кеміген, олардың республикадағы үлес салмағы 71.4%-дан 42.6%-ға, яғни 28.8%-ға азайған.

Ашаршылықпен тікелей байланысты болған 1923 және 1937 жылдардағы қатты өзгерістерді көруге болады. Жергілікті ұлт өкілдерінің демографиялық және генетикалық

қорына орны толмас соққы жасалды. Халық санағының материалдарына сәйкес, 1921-1922 жылдары аштық салдарынан опат болған қазақтардың адам шығыны 884.2 мың адамды немесе республикадағы барлық адам шығынының 80%-ын құрады, салыстырмалы түрде 1920 жылғы өз санынан 24.5%-ға азайған. 1931-1933 жылдардағы аштық салдарынан қазақтар 1,446.1 мың адамынан айырылды, тағы да салыстырмалы түрде алар болсақ, қазақтар өздерінің 1926 жылғы санынан 40%-ға кеміген. Алайда бұл 1926 мен 1937 жылдар аралығындағы 11 жылды қамтыған деректер болатын.

Бізге жылдар бойынша халық санындағы өзгерістер динамикасын дәл анықтау үшін жыл сайынғы статистикалық материалдар қызықты болып отыр. Ресей Мемлекеттік Экономика архивіндегі материалдар бойынша 1927 жыл мен 1935 жыл аралығындағы Қазақ КСР-дегі халық санының динамикасы бойынша жыл сайынғы статистикалық мәліметтерді зерделеуге болады. Бұл архив деректерін А. Құдайбергенова жүйелеген, біз өз жұмысымызда қолданған кестеге сол жинақталған мәліметтерді беріп отырмыз (7-кесте).

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан халқының саны 1931 жылға дейін өскенін көруге болады, 1927 жылдан бергі өсімді есепке алсақ, осы аралықта республикадағы халық саны 532.8 мың адамға көбейген. Алайда 1931 жылдан 1933 жылға дейінгі аралықта қаладағы халық санының 438.3 мың адамға өскені секілді жағымды үрдістің көрінісі болғанына қарамастан, республикадағы халық саны 1,800.4 мың адамға кемігенін көруге болады. Ал егер ауылдық жерлердегі халық санының жылдар бойынша шығынын қарасақ, 1931 жылы болған 5,973.8 мың адамнан екі жылдан кейін 3,735.1 мың адам ғана қалған. Қазақстан ауыл халқының 2,238.7 мың адамынан айырылды, ал ол болса, сол 1933 жылғы халықтың 45%-ы болатын (сол жылы республикада барлығы 4,906.1 мың адам тұрған). 1926 және 1937 жылдар аралығындағы халық санындағы өзгерістер динамикасы төмендегі картада ауыл мен қала және облыстар бөлінісінде ұсынылған (1-карта). 1936 жылғы карта сол кезеңдегі әкімшілік-территориялық белгілерімен беріліп отыр. Облыстар арасындағы аумақтарды межелеулер мен қайта бөлу науқандары жиі болып тұрды, тіптен облыстардың атаулары да өзгеріп отырды.

1-карта
Card 1

1926-1937 жылдар арасындағы халық динамикасы Population dynamics between 1926 and 1937



Дерек: Қазақстанның 1936 жылғы картасы. Карта А. Құдайбергенованың материал-дары негізінде жасалды (Кудайбергенова 2023: 191).

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден 1937 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша теріс сипаттағы сальдо тіркелгенін көреміз. Жаңа халық санағынан кейін ауылдық елді мекендердің тұрғындары 1,831.566 адамға кеміп қалды, бірақ қалалардағы тұрғындар санының үнемі өсуі салдарынан ол сегмент бойынша 686.831 адамға артып отыр. Соның нәтижесінде қалалардағы жағымды сальдоны есепке алғанда, республикадағы адам шығыны 1,144.725 адамды құрады. Алайда 1937 жылғы санақтың аштықтан кейін 4 жыл өткен соң ғана жүргізілгенін ескеру қажет, бұл жылдар аралығында ауыл тұрғындарының саны да айтарлықтай өскен болатын. Өлкедегі индустрияландыру үдерісіне және өнеркәсіптік орталықтарға қоныс аударушылардың көптеп келуіне байланысты тек Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында ғана жалпы өсу қарқыны жоғары болғанын көреміз. Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында демографиялық өсім сәйкесінше 15.339 және 300.073 адамды құрады. Соңғы көрсеткіш республика бойынша теріс сальдоның көрінісінде таңқаларлық жайт болды.

Егер XX ғасырдың 30-жылдарының қарсаңында қазақтар қалалық тұрғындардың шамамен 8-9%–ын құрағанын ескерсек, онда 90%-дан астамы ауылдық жерлерде тұрғанын көруге болады. Опат болған 1,831.6 мың ауыл мен деревня тұрғындарының ішінде қазақтардың адам шығыны шамамен 1,380.0 мыңнан 1,557.0 мың адам аралығында болған немесе есептеулердегі ауытқу деңгейі 8-10%–ды құрауы мүмкін деген ықтималдылықты алар болсақ, шамамен қазақтардың үлесі 80% деңгейінде болды деп топшылаймыз. Бұл есептеулер 1937 жылғы халық санағының нәтижелеріне негізделіп отыр. Біз халық санақтары ішінде анағұрлым объективті әрі аштықтың болған кезеңіне неғұрлым жақын уақыт ретінде осы 1937 жылғы «қудаланған санақ» материалдарын алып отырмыз (Тольц 1989). Алайда ашаршылық салдарынан опат болған адамдардың санын анағұрлым дәл анықтау үшін әдетте демографтар есепке алатын 11 (1937 жылғы санақ) немесе 13 жылдық (1939 жылғы санақ) уақыт аралығын емес, біздің тараптан көрсетілген 1921-1923 жылдардағы аштықтағы адам шығынан есептегендей, 1930 және 1933 жылдар аралығындағы демографиялық өзгерістерді есепке алған жөн деп санаймыз.

Егер біз халық санағының деректерін емес, жыл сайынғы статистикалық материалдарға (7-кесте) назар аударатын болсақ, онда халық санының азаюы бойынша біз сәл өзгеше сандарды байқай аламыз. Жоғарыда көрсеткеніміздей, 1931 жылы ашаршылықтың басталар қарсаңында республикада 6,706.5 мың адам өмір сүрген, олардың 5,973.8 мыңы немесе тұрғындардың 89,1%-ы ауылдық жерлерде тұрған. Аштық жалмаған 2 жыл өткен соң 1933 жылы республикада бар-жоғы 4,906.1 мың адам қалған, ал ауылдар мен селоларда теріс сальдо 2,238.7 мың адамды көрсеткен (яғни осы санға азайған). Алайда республика көлеміндегі жалпы адам шығыны 1,800.4 мың адамды құрады, бұл жерде жағымды сальдо берген 438.3 мың адамды еске алған дұрыс, олар қала халқын ауылдар мен селолардан келгендер есебінен толықтырған жоқ, олар аймаққа индустрияландыру жылдары өзге республикалардан келгендер есебінен көбейген болатын. Ал бізге өлкеде аштықтан опат болған адамдардың санын білу маңызды болғандықтан, аштықтың салдарына тікелей байланысты ауылдық жерлердегі адам санының азаюы көрсеткішін есепке алдық.

Өткен ғасырдың 30-жылдарының басында қазақтардың ауылдық елді мекендердегі тұрғындардың 90%-ын құрады деп есептесек, барлық ауылдық аймақтарда опат

болған 2,238.7 мың адамның ішіндегі қазақтардың үлесі 10 пайыздық ауытқушылықты есепке алғанда 80%-ды немесе 1,680.0 мыңнан 1,9 млн адамға дейінгі мөлшерде болды деп есептейміз. Сол себептен қазақ ұлтының адам шығынын тікелей шығын ретінде 1,790.0 мың адам болды деген санды алып отырмыз (тікелей адам шығыны деп аштық салдарынан аурулардан болған өлім-жітімді, аштықтан болған адам шығынын, өзге аймақтарға көшіп кету нәтижесінде өлкедегі адам санының азаюйын айтамыз). Республикадағы басқа ұлттардың шығындарының саны шамамен 448.7 мың адамды немесе 20%-ды құрады. Бұл есептеулер жыл сайынғы экономикалық статистикалық материалдарға негізделіп шығарылғанын еске саламыз.

Қос аштықтың демографиялық шығындарын салыстырмалы талдау

Салыстырмалы талдау әдісін қолдану арқылы біз 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы аштықтың демографиялық салдары туралы толығырақ ақпарат ала аламыз. Төмендегі кестеде бірнеше өлшем бойынша екі аштықтың жағымды және жағымсыз өзгерістері көрсетілген (8-кесте). Біріншіден, 1931-1933 жылдардағы тікелей адам шығынының саны 20-шы жылдардағы аштықпен салыстырғанда 63%–ға көп, яғни аштық құрбандары 695.1 мың адамға көп. Егер халықтың жалпы саны 5,063.0 мың адам болған 1921-1922 жылдардағы ашаршылықта адам шығынының пайызы 22%–ды құраған болса, халықтың жалпы саны 5,973.8 мың адам болған 1931-1933 жылдардағы аштық кезінде опат болған адам шығыны 30%–ды көрсетті.

Біз адам шығындарын есептеу үшін ашаршылыққа дейінгі және одан кейінгі кезеңдерді таңдағанымызды тағы да еске саламыз, яғни егер бұл 1921-1922 жылдардағы аштықтың демографиялық салдарын анықтау мәселесі болса, бұл жерде 1920 және 1923 жылдардағы санақтар мен басқа да статистикалық материалдардың деректері пайдаланылғанын білдіреді. Сол секілді 30-жылдардағы ашаршылық кезінде опат болғандардың санын есептеу үшін 20-жылдардың соңы мен 30–жылдардың басындағы түрлі материалдар қолданылғанын айта кеткен жөн.

Екіншіден, ауылдардағы және қалалардағы адам шығынының айырмашылығы үлкен болды. Бұл екі алапат ашаршылықтарда да ауылдық елді мекендердегі шығындар өте көп болды. Ауыл тұрғындары арасындағы адам шығындары миллиондап есептеледі, ал қалалардағы жағдай бойынша оң өзгерістер орын алды. Егер 20-жылдардағы аштықты алар болсақ, көп жағдайда қалаға жете алған адамдар санының нәтижесінде қала тұрғындарының саны 15.5 мың адамға ұлғайған. Ал 30-жылдардағы қалалардағы оң сальдоның пайда болуына қатысты көрсеткіштерді айтар болсақ, 438.3 мың адам негізінен индустрияландыру жүріп жатқан қалалардағы жұмыстар үшін Ресейдің ішкі аймақтарынан шақырылғандар болатын. Ауыл тұрғындарының 1931-1933 жылдардағы аштықтағы адам шығыны 20-жылдардағы көрсеткіштен екі есеге асып түсті (сәйкесінше, 1,120.8 млн және 2,238.7 млн адам).

Үшіншіден, екі жағдайда да 1000 адамға шаққандағы адам шығыны 200 адамнан асты, сәйкесінше, 218 және 268 адамды көрсетті. Егер алғашқы аштық тұсында ауылда әр мың адамнан 240 адам опат болған болса, екінші ашаршылық кезінде бұл көрсеткіш 333 адамға жетті, яғни 38%-ға артық болған (аштықтан әрбір үшінші адам опат болған). Адам шығынының ұлттар бойынша айырмашылығы екі аштықта әртүрлі болып келеді. Қазақтар жергілікті ұлт әрі ауылдық жерлердің негізгі тұрғындары ретінде

қос ашаршылықта да басты құрбандарға айналды. Олардың өзге ұлттардың ішіндегі республика бойынша адам шығыны ең жоғары болды.

Статистикалық деректер мәліметтері мен авторлар қолданған демографиялық шығындар және ұлттық құрам бойынша адам шығынының орташа статистикалық есебін анықтау үшін іріктеу тәсілі ретінде сандық әдістің нәтижелері (жиынтық саны) көрсеткендей қазақтар екі жағдайда да барлық халықтар арасында өз этносының көп бөлігін жоғалтты, бұл барлық шығындардың 80%–ы болатын. Егер 1921-1922 жылдары орыстардың адам шығыны 15%–ды құраса, республикадағы қалған ұлттардың азаю деңгейі 5% болды. Сол секілді 1931-1933 жылдардағы Ашаршылық нәтижесінде елдегі орыстар 12%–ға, басқа ұлттар 8%–ға қысқарды. Қорыта келгенде, қазақ этносы екі ашаршылық нәтижесінде 2,674.2 мың адамын жоғалтты, ал орыстар мен қалған ұлттардың шығыны сәйкесінше 435.0 мың және 234.7 мың адам болды.

Талқылау

Әлбетте, осы мақала авторларының беріп отырған адам шығынының көрсеткіштері өзге авторлармен сәйкес келмеуі мүмкін. Ғалымдардың көпшілігі екі ашаршылықтың тек біріне қатысты өз зерттеулері шегінде ғана сандарды келтіреді. Мәселен, 1921-1922 жылдардағы аштыққа қатысты Р. Киндлер адам шығыны 500 мыңға жуық десе (Киндлер 2017: 77), демограф Н.В. Алексеенко өз зерттеулерінде опат болғандар саны 648,7 мың адам болса, олардың ішінде қазақтар 414 мың адамды құраған деген қорытындыға келген (Алексеенко және т.б. 1999: 46). Ал С. Камерон 30–жылдардағы аштықтан елде 1,5 млн адамның (Камерон 2018: 144), ал Дэвис пен Уиткрофт 1,9 млн адамның опат болғанын жазды (Дэвис және т.б. 2011: 420). Отандық ғалым А. Кудайбергенова аштық құрбандарының саны 1,3 млн болғанын жазады (Кудайбергенова 2023: 203). 1992 жылғы комиссия қорытындысында ұжымдастырудың салдарына айналған ашаршылықта республикадағы халықтың 2 млн 200 мыңы немесе қазақ ұлтының 49%-ы қаза тапқаны айтылады (Егемен Қазақстан 1992: 1-3). Демограф ғалымдар М. Тәтімов, М.–А.Х. Асылбеков өз зерттеулерінде 1931-1933 жылдардағы ашаршылықта 2,5 млн адамның (Асылбеков 2016: 27), оның ішінде 2,3 млн қазақтың қайтыс болғанын жазады (Тәтімов 1992: 133). Сұлтан Хан Аккұлы аштық 4 млн адамның өмірін жалмағанын айтады (Аккұлы 2017: 40–44).

Мақаланы жазу барысында бірқатар қиындықтардың болғанын айта кеткен жөн. Ол ең алдымен ашыққандар бойынша анағұрлым толық әрі нақты мәліметтердің кездесе бермейтіндігі дер едік. Егер 1921-1922 жылдардағы ашаршылық бойынша санақтар мен шолу мәліметтерінде бірқатар аймақтар мен аудандардың халық саны көрсетілмеген болса, 1931-1933 жылдардағы аштық құрбандарының санына қатысты ресми ақпараттар тек 1937 және 1939 жылғы санақтардың мәліметтері бойынша келтіріледі. Яғни адам шығыны аралықтағы 4-6 жылдық мерзімдегі өзгерістермен қоса есептеледі. Тағы бір айта кететін жайт, ол адам шығыны деп алынып отырған жағдайлардың өзіндік ерекшеліктерінің нақтыланбауында, яғни шығынның ішкі және сыртқы көші-қонындағы үлесі (қаншасы кетіп, қаншасы сол аймақта опат болды), жергілікті органдардың толық қамтылмаған мәліметтері (сәйкестендірудің қиындығы), ауруға ұшырау (өлімнің аурудан немесе аштықтан болуы) мен өлім-жітімнің тіркелмеген

жағдайлары (әсіресе, сәбилердің өлімі). Осы аталған бағыттар толық қамтылған кезде ғана тақырып аясындағы зерттеулердің жаңа деңгейге шығатыны күмән туғызбайды.

Қорытынды

1921-1922 жылдардағы аштық және қазақ тарихнамасында *Ашаршылық* деген атпен белгілі 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық Қазақстан тарихында өшпес із қалдырды. Бұл екі ашаршылықтың өзіндік ерекшеліктері бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтары бар. Демографиялық шығындарға келсек, мақала авторларының есебі бойынша адам шығыны сәйкесінше 1,105.300 және 2,238.700 болды.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы ашаршылықтың айырмашылықтары мен сипаты жағынан өзіндік ерекшеліктері қандай? 1921-1922 жылдардағы аштық пен 1931-1933 жылдардағы Ашаршылықтың өзіндік ерекшеліктері болды, (1) 1921-1922 жылдардағы ашаршылық 1916-1920 жылдар аралығында соғыстар, революциялар және басқа да саяси оқиғалардан туындаған бірқатар әлеуметтік апаттардан кейін болды, ал 1931-1933 жылдардағы ашаршылық бейбіт уақытта болды; (2) егер 1921-1922 жылдардағы ашаршылықтан республиканың солтүстік-батыс өңірлері ең көп зардап шеккен болса, *Ашаршылық* кезеңінде елдің бүкіл аумағы зардап шекті; (3) екеуінде де ашаршылық ауыл тұрғындарына қатты әсер етті; (4) екі аштықтың да шарықтаған кезеңдері болды, бұл 1922 жылдың көктем-жазы және 1933 жылдың қыс-көктемі; (5) жаппай Ашаршылықтан болған шығын 1921-1922 жылдардағы аштықтан екі есе жоғары болды; (6) 1921-1922 жылдардағы ашаршылық кезінде ашыққан адамдар үкіметтен және кейбір шетелдік ұйымдардан азық-түлік көмегін алды, ал *Ашаршылық* кезінде сырттан көмек болған жоқ, большевиктер ашаршылық туралы айтуға тыйым салды, олар тек елдегі «азық-түлік қиыншылығы» деген сипаттау сөзбен ғана шектелді.

Ашаршылық кезеңінде КСРО-дағы басқа халықтар арасында қазақтардың адам шығыны пайыздық жағынан ең жоғары болды деген гипотезаның растығына көз жеткізуге болады. Деректерге жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижелері көрсеткендей, қазақтардың тек республикада ғана емес, бүкіл Одақ бойынша адам шығындарының үлкен пайызы украиндармен, орыстармен және башқұрттармен қатар болғанын және қазақ ұлтының республика мен Одақ бойынша нақты санына шаққандағы шығындарының арақатынасы бойынша көшбасшы болғанын дәлелдейді. Қалған этностар арасындағы адам шығынының санын дәл анықтау және осы адам шығындарын салыстырмалы зерттеу үшін осы бағытта кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу керек.

Acknowledgements

The authors express their gratitude to the editorial team and reviewers for their scholarly support of the article, as well as for their timely and constructive feedback.

Алғыс

Редакцияға және рецензенттерге ғылыми сүйемелдеу жасағаны, сонымен қатар орынды да пайдалы кері байланыстары үшін алғысымызды білдіреміз.

Благодарности

Авторы выражают благодарность редакции и рецензентам за научное сопровождение статьи, а также за своевременные и полезные замечания, внесённые в рамках обратной связи.

Қосымша

1-кесте.

Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі жергілікті органдардың мәліметтері бойынша аштыққа ұшырағандар саны (1921 жылдың желтоқсанынан 1922 жылдың мамырына дейінгі аралық)

Table 1.

The number of hungry people according to local authorities of the Kyrgyz (Kazakh) ASSR (the period from December 1921 to May 1922)

Губерниялар	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
Орынбор	444.786	351.166	437.776	524.170	515.118	495.064
Орал	400.900	328.816	277.835	370.000	378.818	292.098
Қостанай	254.900	283.749	87.494	337.000	354.350	294.350
Ақтөбе	359.325	361.051	359.326	252.514	361.049	234 580
Бөкей	100.000	100.000	100.000	77.059	66.265	66.265
Ақмола	-	100.670	92.000	100.670	472.000	472.000
Елек уезі	-	-	-	-	86.720	91.855
Адай уезі	75.000	75.000	75.000	75.000	-	-
Торғай ауданы	-	-	-	-	60.000	75.000
Барлығы	1,634.911	1,600.452	1,429.431	1,736.413	2,303.320	2,071.222

Дерек: Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. 139-қ., 1-тіз., 211-іс, 24-п. Голод и борьба с ним в КССР.

2-кесте.

Қала мен ауылдағы халық санының статистикасы (1920 және 1923 жылдар аралығы)

Table 2.

Urban and rural population statistics (from 1920 to 1923)

Губерния	Халық саны								
	Қала халқы			Ауыл халқы			Барлығы		
	1920	1923	Айырм.	1920	1923	Айырм.	1920	1923	Айырм.
Орынбор	134.750	139.986	+5.236	627.140	424.615	-202.525	761.890	564.601	-197.289
Қостанай	20.120	20.785	+665	424.340	280.679	-143.661	444.460	301.464	-142.996
Ақтөбе	23.710	31.457	+7.747	430.750	271.392	-159.358	454.460	302.849	-151.611
Орал	54.400	51.019	- 3.381	459.440	309.039	-150.401	513.840	360.058	-153.782
Бөкей	3.960	9.172	+5.212	226.280	206.961	-19.319	230.240	216.133	-14.107
Торғай ауданы	730	853	+123	91.080	57.563	-33.517	91.810	58.416	-33.394
Барлығы	237.670	253.272	+15.602	2,259.030	1,550.249	-708.781	2,496.700	1,803.521	-693.179

Дерек: «Сельское хозяйство Киргизской Советской Социалистической Республики в 1923 году по итогам сельскохозяйственной переписи 1923 г.» кітабы.

3-кесте.
1920 және 1922 жылдардағы Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі халық саны
Table 3.
Population of the Kyrgyz (Kazakh) ASSR in 1920 and 1922

Губерниялар, уездер/аудандар	Қала/ауыл	1920	1922	+ / -	Адам шығынының %
Орал губерниясы	қала	54.4	51.0	-3.4	-6%
	ауыл	459.4	309.0	-150.4	-33%
	барлығы	513.8	360.0	-153.8	-30%
Қостанай губерниясы	қала	20.1	20.8	+0.7	+3
	ауыл	424.3	280.6	-143.7	34%
	барлығы	444,4	301.4	-143.0	-32%
Ақтөбе губерниясы	қала	23.7	31.4	+7.7	32%
	ауыл	430.7	271.4	-159.3	-37%
	барлығы	454.4	302.8	-151.6	-33%
Орынбор губерниясы	қала	134.7	140.0	+5.3	+4%
	ауыл	627.1	424.6	-202.5	-32%
	барлығы	761.8	564.6	-197.2	-26%
Ақмола губерниясы	қала	54.7	54.6	-0.1	-0,01%
	ауыл	1,141.9	931.8	-210.1	-18%
	барлығы	1,196.6	986.4	-210.2	-17,5%
Семей губерниясы	қала	101.3	101.3	0	0%
	ауыл	1,028.7	966.5	-62.2	-6%
	барлығы	1,130.0	1,067.8	-62.2	-5,5%
Бөкей губерниясы	қала	4.0	9.2	+5.2	+130%
	ауыл	226.3	207.0	-19.3	-8.5%
	барлығы	230.3	216.2	-14.1	-6%
Торғай ауданы	қала	0.7	0.8	+0.1	+14%
	ауыл	91.0	57.5	-33.5	-37%
	барлығы	91.7	58.4	-33.3	-36%
Адай уезі	барлығы	240.0	100.2	-139.8	-58%
Республика бойынша	қала	393.6	409.1	+15.5	+4%
	барлығы	4,669.4	3,548.6	-1,120.8	-24%
	барлығы	5,063.0	3,957.7	-1,105.3	-22%

Дерек: кесте «Сельское хозяйство Киргизской Советской Социалистической Республики в 1923 году по итогам сельскохозяйственной переписи 1923 года», «Сборник статистических сведений о движении населения, скота и урожая с 1880 по 1922 года» және «Список населенных пунктов КССР за 1923 год» материалдарының негізінде құрастырылды.

4-кесте.
1921-1922 жылдардағы Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі ашаршылық нәтижесіндегі губерниялар мен қала-ауыл халқының шығыны
Table 4.
Losses of provinces and urban-rural populations as a result of famine in the Kyrgyz (Kazakh) ASSR in 1921-1922

Барлығы	Қала	Ауыл	Барлығы	Қала	Ауыл	
	1000 адам			1000 адамға шаққанда		
Қазақ АКСР	1,105.3	+15.5	1,120.8	218	+39	240
Орал	153.8	3.4	150.4	299	63	327
Қостанай	143.0	+0.7	143.7	321	+34	338
Ақтөбе	151.6	+7.7	159.3	333	+32	369
Орынбор	197.2	+5.3	202.5	258	+3	322
Ақмола	210.2	0.1	210.1	175	2	183
Семей	62.2	0	62.2	55	0	55
Бөкей	14.1	+5.2	19.3	61	+1300	85
Торғай	33.3	+0.1	33.5	363	+14	368
Адай	139.8	0	139.8	582	0	582

Дерек: кесте халық арасында жүргізілген ауыл шаруашылығы санағының деректері, халықтың қозғалысы туралы статистикалық мәліметтердің шолуы мен жинақтары, сондай-ақ мұрағат құжаттарының деректері негізінде жасалды.

5-кесте.
1920 жылдан 1926 жылға дейінгі аралықтағы Қырғыз (Қазақ) АКСР-дегі халық саны
Table 5.
Population of the Kyrgyz (Kazakh) ASSR from 1920 to 1926

ҚАКСР	Ұлттық құрамы бойынша				Тұрғылықты жері бойынша		
	Барлығы	Қазақтар	Орыстар	Басқалар	Қала	Ауыл	Барлығы
1920	5,063.0	3,615.1 (71,4%)	956.8 (18,9%)	491.1 (9,7%)	393.6 (7,7%)	4,669.4 (92,3)	5,063.0 (100%)
1923	3,957.7	2,730.9 (69%)	791.0 (20%)	435.9 (11%)	409.1 (10,3%)	3,548.6 (89,7%)	3,957.7 (100%)
1926	6,196.4	3,627.6 (58,5%)	1,275.1 (20,5%)	1,293.7 (20,8%)	539.0 (8,7%)	5,657.4 (91,3%)	6,196.4 (100%)

Дерек: кесте 1920, 1926 жылдардағы халық санағы және 1923 жылғы ауыл шаруашылық санағы негізінде құрастырылған.

6-кесте.
1920 жылдан 1937 жылға дейінгі аралықта республикадағы халық санының өзгеруі
Table 6.
Population change in the Republic from 1920 to 1937

ҚАКСР	Ұлттық құрам бойынша							
	Барлығы	+/-	Қазақтар	+/-	Орыстар	+/-	Басқалар	+/-
1920*	5,063.0	+915.2	3,615.1 (71,4%)	+222.3	956.8 (18,9%)	+502.4	491.1 (9,7%)	+190.5
1923	3,957.7	-1,105.3	2,730.9 (69%)	-884.2	791.0 (20%)	-165.8	435.9 (11%)	-55.2
1926	6,196.4	+2,238.7	3,627.6 (58,5%)	+896.7	1,275.1 (20,5%)	+484.1	1,293.7 (20,8%)	+857.8
1937	5,120.0	-1,076.4	2,181.5 (42,6%)	-1,446.1	1,917.6 (34,7%)	+642.5	1,020.9 (19,9%)	-272.8

Дерек: кесте 1920, 1926 және 1937 жылдардағы халық санағы және 1923 жылғы ауыл шаруашылық санағы негізінде құрастырылған.

*бұл бағанда 1897 жылғы санақтан кейінгі өзгерістер көрсетілген.

7-кесте.
Қазақ КСР-де 1927-1935 жылдар аралығындағы халық санының динамикасы
Table 7.
Population dynamics of the Kazakh SSR between 1927-1935

Жылдар	Ауыл халқы		Қала халқы		Барлығы	
	абс.	%	абс.	%	абс.	%
1927	5,690.2	92.2	483.5	7.8	6,173.7	100
1928	5,823.7	91.9	510.8	8.1	6,334.5	100
1929	5,906.7	91.5	549.5	8.5	6,456.2	100
1930	6,086.7	91.0	601.4	9.0	6,688.2	100
1931	5,973.8	89.1	732.7	10.9	6,706.5	100
1932	4,805.6	81.8	1,072.1	18.2	5,877.7	100
1933	3,735.1	76.1	1,171.0	23.9	4,906.1	100
1934	4,805.6	75,0	1,311.6	25.0	5,239.5	100
1935	4,212.4	74.5	1,437.6	25.5	5,650.0	100
Өсім	-1,477.8	-17.7	+2.9 есе	+3.2 есе		

Дерек: Кудайбергенованың (2023) еңбегі: 190-бетте.

8-кесте.
Қазақ Республикасында болған ашаршылықтар бойынша салыстырмалы мәліметтер
Table 8.
Comparative data on famines in the Kazakh Republic

	1921-1922	1931-1933	Адам шығынындағы айырмашылық	Адам шығынындағы пайыздық айырмашылық
1000 адам бірлігінде				
Барлығы	1,105.3	1,800.4	695.1	63%
Қала	+15.5	+438.3	422.8	2728%
Ауыл	1,120.8	2,238.7	1,117.9	99%
1000 адамға шаққанда				
Барлығы	218	268	50	23%
Қала	+39	+598	+559	1433%
Ауыл	240	333	93	38%

Дерек: кестені құрастыру үшін 1923 жылғы халық қозғалысы туралы статистикалық мәліметтер жинағы, 1923 жылғы ауыл шаруашылығы санағының материалдары, 1926 және 1937 жылдардағы халық санағы, сондай-ақ А.И. Құдайбергенованың (2023) кітабынан алынған материалдар пайдаланылды.

Қосымша

1. Голод и борьба с ним в КССР. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві (ҚР ПА). 139-қ. 1-т. 211-іс. 21-29-пп.

Әдебиеттер тізімі

Cameron S. *The hungry steppe: famine, violence, and the making of Soviet Kazakhstan.* New York: Cornell University Press. 2018. 277 p.

Graziosi A. and Sysyn F. *Communism and Hunger: The Ukrainian, Chinese, Kazakh, and Soviet Famines in Comparative Perspective.* East/West: Journal of Ukrainian Studies. 2019. Vol.6, no.1, pp. 187–191. https://doi.org/10.21226/ewjus485

Olcott M. *The Collectivization Drive in Kazakhstan*. Russian Review. 1981. Vol.40, no.2, pp. 122–142.

Pianciola N. *Ukraine and Kazakhstan: Comparing the Famines. Contemporary European History*. 2018. Vol.27, no.3, pp. 440–444. https://doi:10.1017/S0960777318000309

Richter J. *Famine, Memory, and Politics in the Post-Soviet Space: Contrasting Echoes of Collectivization in Ukraine and Kazakhstan.* Nationalities Papers. 2019. Vol.48, no.3, pp.476–491. https://doi:10.1017/nps.2019.17

Rudnytskyi O., Kulchytskyi S., Gladun O., Kulyk N. *The 1921-1923 Famine and the Holodomor of 1932-*

1933 in Ukraine: Common and Distinctive Features. Nationalities Papers. 2020. Vol.48, no.3, pp. 549–568. https://doi:10.1017/nps.2019.81

Wheatcroft S. *The Soviet Famine of 1931-33: Politically Motivated or Ecological Disaster?* In: Report at the Center of European & Eurasian Studies at the University of California, Los Angeles on May 5, 2003. https://www.international.ucla.edu/asia/article/3838 Date of request: 04.11.2024.

Wolowyna O. *A Demographic Framework for the 1932-1934 Famine in the Soviet Union.* Journal of Genocide Research. 2020. Vol.23, no.4, pp.501–526. https://doi.org/10.1080/14623528.2020.1834741

Абылхожин Ж.Б., Козыбаев М.К., Татимов М.Б. *Казахстанская трагедия. Вопросы истории*. 1989. No.7, с.85–102.

Административно-территориальное деление Союза ССР. Москва: Издательство Народного комиссариата внутренных дел. 1930. 80 с.

Аққұлұлы Ж. *The famine of 1932-1933 exterminated 70% of kazakhs, decreasing the population from 7.2 million to 2!* Мына жинақта: «Алаш тағылымы және Тәуелсіздік»: Сборник материалов региональной научно-практической конференции, октябрь 2017. Қостанай. 2017. 40-44-бб.

Алдажуманов К.С. *К истории голода 1931-1933 годов в Казахстане. Трагедия казахского аула, 1928-1934 гг.* Сборник документов. Т.1. Алматы: Раритет, 2013. 744 с.

